



САН ҚЫРЛЫ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ ЖОЛЫНДАҒЫ САЯСИ ДИАЛОГ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Америка Құрама Штаттарының Қазақстан Республикасындағы елшісі Джули Стаффты қабылдады.



Президент Қазақстан мен Американың жоғары деңгейдегі қарқынды саяси диалогы екіжақты және көпжақты форматтағы сан қырлы ынтымақтастықты нығайтуға септігін тигізіп келе жатқанына тоқталды.

Кездесу барысында сауда-экономика, инвестиция салаларындағы маңызды уағдаластықтарды жүзеге асыру барысы талқыланды. Нақты нәтижеге қол жеткізу үшін екі елдің салалық ведомстволары деңгейінде тығыз қарым-қатынасты жалғастыру қажеттігі айтылды.

Сонымен қатар Қасым-Жомарт Тоқаев пен Джули Стаффт Бейбітшілік кеңесі аясындағы ықпалдастық мәселелері жөнінде пікір алмасты.

АҚШ елшісі аталған Ұйымның ізгі мақсатын ілгерілетуге белсене атсалысқаны үшін Қазақстан тарапына ризашылығын білдірді.

БІРЛІК пен ТАТУЛЫҚТЫҢ ТҮТҚАСЫ



Тарих парақтарында сол бір зұлмат кезеңде Қазақстанға жер аударылып келген көптеген ұлт өкілдеріне қазақ топырағы құтты мекенге айналғаны белгілі. Жабырқаулы жандарға жебеу болып, мұңайған көңілге мейірім ұшқынын себелеген қазақ халқының ыстық құшағы татулық пен бірліктің берік іргесін қалауға негіз болды.

Қай кезде де алғыс айту – ізгілік пен ілтипаттың белгісі саналады. Әрбір адамды жылы сөз бен шынайы ықылас қана қанаттандырып, өзара сенім мен мейірім ұшқынын тұтататыны аян.



БАЛҚАН ТҮБЕГІНЕН БАСТАУ АЛҒАН БАЙЛАНЫС



Ақордада елімізге ресми сапармен келген Сербия Президенті Александр Вучичті салтанатты қарсы алу рәсімі өтті. Әуелі мемлекеттер басшылары бір-біріне делегация мүшелерін таныстырды. Құрмет қарауылы ротасының бастығы рапорт берген соң екі елдің әнұрандары шырқалды.

ДИПЛОМАТИЯЛЫҚ ҚАРЫМ- ҚАТЫНАСТЫҢ КӨРКЕЮІ

Содан кейін Қазақстан мен Сербия президенттері келіссөз залына барды.

– Біз Сербияны Еуропадағы маңызды стратегиялық серіктесіміз санаймыз. Бірқатар бағытта, әсіресе, экономикалық, мәдени-гуманитарлық салалардағы ықпалдастығымызды нығайту үшін көп жұмыс атқардық. Астана мен Белград арасында тікелей әуе рейсі ашылды. Сауда қатынастарымыз табысты дамып келеді. Қазақстанда 60-тан аса сербиялық компания жемісті еңбек етіп жатыр. Негізгі халықаралық мәселелер бойынша ұстанымдарымыз ортақ. Сондықтан екі ел арасындағы ынтымақтастықтың берік әрі тиімді іргетасы қаланды деп ойлаймын. Сіздің сапарыңыз достық қарым-қатынасымызға тың серпін беру тұрғысынан өте маңызды екеніне сенімдімін, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Александр Вучич Қазақстанға ресми сапармен келгеніне қуанышты екенін айтты.

– Қонақжайлық танытқаныңыз үшін ризашылығымды білдіремін. Сіздің пікіріңізбен толық келісемін, елдеріміз арасында шынайы стратегиялық қарым-қатынас орнаған. Сіздің қолдауыңыздың арқасында сауда-экономикалық байланыстарымыз жоғары қарқынмен дамып келеді. Алдағы уақытта жасанды интеллект, ақпараттық технологиялар мен энергетика салаларында ық-

палдастық орнату арқылы достығымыз жаңа деңгейге көтеріледі деп ойлаймын. Сізді жақын арада елімізде қарсы алуға дайынбыз, – деді Сербия Президенті.

Бұдан соң Қасым-Жомарт Тоқаев пен Александр Вучич екі елдің ресми делегацияларының қатысуымен кеңейтілген құрамда келіссөз өткізді.

Мемлекет басшысы меймандарға ілтипат білдіре отырып, бұл сапар Қазақстан мен Сербия арасында дипломатиялық қатынас орнағанына 30 жыл толу қарсаңында өтіп жатқанына назар аударды.

– Көптеген саладағы өзара тиімді байланыстарымызды одан әрі нығайтуға ниеттіміз. Бүгін екіжақты ынтымақтастықты дамытуға тың серпін беру тәсілдерін талқыладық. Өз тарапымыздан екі ел арасындағы ықпалдастықты кеңейтуге барлық жағдайды жасайтынымызды жеткізгім келеді, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы Астана мен Белград арасында конструктивті саяси диалог жолға қойылып, парламентарлық байланыс нығайып келе жатқанын атап өтті. Сонымен қатар мемлекеттік органдар мен іскерлік топтардың ықпалдастығы дәйекті түрде дамуда.

Президент Сауда-экономикалық ынтымақтастық жөніндегі үкіметаралық комиссияның тиімді жұмыс атқарып жатқанын айтты. Мемлекет басшысы сапар аясында Сербиядан іскерлік топ өкілдері келгенін құптады. Кеше өткен Қазақстан-Сербия Іскерлік кеңесінің нәтижесі сауда

және инвестициялық байланыстарды кеңейте түсетініне сенім білдірді.

Президент еліміздің бірқатар халықаралық бастамаларына қолдау білдіргені үшін Сербия тарапына ризашылығын жеткізді.

Өз кезегінде Александр Вучич қонақжайлық танытқаны үшін Президент Қасым-Жомарт Тоқаевқа алғыс айтып, Белград Астанамен сан қырлы ынтымақтастықты одан әрі кеңейтуге дайын екенін растады.

Сербия Президенті қазақстандық компаниялардың ортақ жобаларға, әсіресе, құрылыс саласына қосар үлесін арттыруға мүдделі екеніне тоқталды.

– Біз Қазақстан ұсынған бірқатар бастамаларды жүзеге асыруға әзірміз. Бұл Сербияда ғана емес, Еуропаның аталған аймағындағы маңдайалды жобалар болмақ. Сондай-ақ қазақстандық SCAT компаниясына әуе кеңістігінде бесінші деңгейлі еркіндік беру мәселесі әлі шешімін тапқан жоқ. Ортақ іс-қимыл арқылы аталған мәселені шеше алатынымызға сенімдімін. Сербияға Қазақстанның сенімді құрылыс компаниялары мен инвесторлары келгенін қалаймыз. Бұл еліміздің инвестициялық тартымдылығын жақсартып қана қоймай, өзара мәдени, туристік байланыстарды жандандыруға да септігін тигізеді. Өз тарапымыздан Сіздің еліңіздің экономикасына инвестиция салғысы келетін сербиялық кәсіпкерлерді ынталандыруға барынша күш-жігер жұмылдырамыз, – деді Александр Вучич.

Сербия Президенті қорғаныс өнеркәсібі, жасанды интеллект, деректерді өңдеу орталығы секілді бағыттарда өзара ықпалдастықты арттыруға зор әлеует бар екеніне назар аударды. Сонымен қатар ол Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық дамуындағы жетістіктерді жоғары бағалап, мұны әлемдегі өсіп-өркендеудің үлгісі деп атады.

(Жалғасы 2-бетте)

АҚОРДА

28 АҚПАН 2026 | СЕНБІ

БАЛҚАН ТҮБЕГІНЕН
БАСТАУ АЛҒАН БАЙЛАНЫС

(Басы 1-бетте)

Келіссөз барысында екіжақты күн тәртібіндегі өзекті тақырыптар, атап айтқанда, сауда-инвестиция, көлік-логистика, ауыл шаруашылығы, аса маңызды минералдар, цифрландыру, жасанды интеллект, құрылыс және туризм салаларындағы ықпалдастық мәселелері қарастырылды.

Келіссөз қорытындысы бойынша Президент Қасым-Жомарт Тоқаев пен Президент Александр Вучич Бірлескен мәлімдеме қабылдады. Мемлекеттер басшыларының қатысуымен ведомствоаралық құжаттар алмасу рәсімі өтті. Олардың қатарында Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі мен Сербия Республикасы Денсаулық сақтау саласы бойынша ынтымақтастық туралы меморандум; Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы мен Сербия Республикасы Әділет министрлігі арасындағы әріптестік және ынтымақтастық туралы меморандум секілді бірқатар құжаттар бар.

**ЕРЕКШЕ ЫҚЫЛАСТЫҢ
НЫШАНЫ**

Қасым-Жомарт Тоқаев Александр Вучичті халық қолдауына арқа сүйеп, елін алға бастап келе жатқан нағыз көшбасшы, беделді саясаткер деп санайтынын жеткізді.

— Сербия Сіз жүргізіп отырған саликалы саясаттың арқасында зор жетістіктерге жетіп, өркендеп келеді. Халықаралық беделі де арта түсті. Алдағы уақытта еліңіз Сіздің парасатты басшылығыңызбен жана белестерді бағындыра береді деп сенемін. Сербия — Қазақстанның Балқан түбегіндегі сенімді серіктесі. Екі елдің қарым-қатынасы өзара қолдауға, түсіністік пен мызғымас достыққа негізделген. Барлық деңгейде белсенді саяси диалог дамып келе жатыр. Сауда-экономика, инвестиция және мәдени-гуманитарлық саладағы ынтымақтастық нығайтып келеді. Көпжақты құрылымдар аясындағы байланысымыз күшейе түсті. Қазіргідей алмағайып кезеңде өзара әріптестікті жандандыру өте маңызды. Сондықтан біз осы қарқынды сақтап, түрлі саладағы ықпалдастықты дамытуға мүдделіміз. Бұған толық мүмкіндік бар. Өзара сенім мен достық рухында өткен мазмұнды келіссөздер — соның айқын дәлелі. Бүгінгі келісімдер серіктестігімізді жана деңгейге көтереді деп санаймын. Біз бұл бағытта бірлесіп әрекет етуге әрдайым дайынбыз, — деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан мен Сербия арасындағы байланысты нығайтуға өлшеусіз үлес қосқаны үшін Александр Вучичті еліміздің ең жоғары мемлекеттік наградасы — «Алтын Қыран» орденімен марапаттады.

— Бұл — қазақ жұртының Сізге және Сербия халқына деген зор ризашылығы және ерекше құрметінің белгісі. Өзіңізді шын жүректен құттықтаймын! Осы марапат екі елдің қарым-қатынасын одан әрі дамытуға ықпал етеріне кәміл сенемін. Қос халықтың достығы жасай берсін! — деді Мемлекет басшысы.



Сербия Президенті мұндай марапатты иелену зор мәртебе екенін айтып, бұл екі ел арасындағы қарым-қатынасты одан әрі нығайтуға ықпал ететініне тоқталды.

— «Алтын Қыран» орденін ерекше құрметпен қабыл алдым. Бұл марапат маған өзара байланыстарымызды арттыру және бейбітшілік пен тұрақтылықты қамтамасыз ету жолындағы ортақ істе зор жауапкершілік жүктейді. Келешек ұрпақтың игілігі үшін Сербия мен Қазақстанның достығы нығая беруіне тілектеспін, — деді Александр Вучич.

**МАЗМҰНДЫ
КЕЛІССӨЗДЕРДІҢ ЖАЛҒАСЫ**

Бұдан кейін Қасым-Жомарт Тоқаев пен Александр Вучич БАҚ өкілдерінің алдында сөз сөйледі. Мемлекет басшысы шақыруын қабыл алып, Астанаға ресми сапармен келгені үшін Президент Александр Вучичке және делегация мүшелеріне шынайы ризашылығын білдірді.

— Сербия — Қазақстанның Балқан түбегіндегі маңызды әрі сенімді серіктесі. Берік достық, өзара қолдау және ортақ мүдде елдеріміздің ынтымақтастығына арқау болып отыр. Мен екі жыл бұрын Белградқа жасаған сапарымды ыстық ықыласпен еске аламын. Сол кездегі келісімдердің табысты жүзеге асырылып жатқанын ерекше ризашылықпен атап өткім келеді. Биыл екі мемлекеттің дипломатиялық қатынас орнатқанына 30 жыл толады. Президент Александр Вучичтің сапары осы мерейлі межеге тұспа-тұс келіп отыр. Осы уақыт ішінде Қазақстан мен Сербия арасында барлық деңгейде өзара сенімді арқау еткен саяси диалог орнады. Нақты шарттық-құқықтық негіз қалыптасты. Үкіметтеріміз нәтижелі жұмыс істеп, Парламент-аралық байланыс нығайтып келеді. Сауда-экономика және инвестиция саласындағы ынтымақтастық күшейді. Мәдени-гуманитарлық бағытта айтарлықтай табысқа қол жеткіздік. Халықаралық ұйымдар аясындағы ықпалдастығымыз терендей түсті, — деді Қазақстан Президенті.

Мемлекет басшысы өзара ынтымақтастықты дамытуға Сербия Президентінің зор үлес қосқанын жеткізіп, еліміз мұны өте жоғары бағалайтынын айтты.

— Сондықтан бүгін Жоғары Мәртебелі Президент Александр Вучичті Қазақстан Республикасының ең жоғары наградасы — «Алтын Қыран» орденімен марапаттадым. Бұл награда — Қазақ елінің Сізге және бүкіл Сербия халқына деген ерекше құрметі, шынайы ілтипатының белгісі. Мызғымас достық пен қолдауға негізделген серіктестігіміз алдағы уақытта да нығая беруді деп сенемін, — деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев Александр Вучичпен кеңейтілген құрамда мазмұнды келіссөз жүргізгеніне тоқталды.

— Сауда, көлік-логистика, энергетика, өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы, ақпараттық технологиялар, жасанды интеллект және мәдени-гуманитарлық саладағы ықпалдастық мәселелерін жан-жақты талқыладық. Нақты уағдаластықтарға қол жеткіздік. Сауда-экономика және инвестиция саласындағы байланысты дамыту қажеттігіне баса назар аудардық. Қазір екі елдің арасындағы алыс-беріс көбейіп келеді. Елімізде 60-қа жуық серб компаниясы табысты жұмыс істеп жатыр. Дегенмен біздің экономикалық әлеуетіміз бұдан әлдеқайда жоғары. Сондықтан сауда-саттық көлемін ұлғайтуға келістік. Мемлекеттеріміздің мүддесіне сай келетін жана инвестициялық жобаларды пысықтауға уағдаластық. Экономикалық ынтымақтастық жөніндегі үкіметаралық комиссия бұл жұмысқа баса мән беруі қажет, — деді Президент.

САЛАДАРДАҒЫ СЕРПІЛІС

Мемлекет басшысы елімізге Александр Вучичпен бірге ірі кәсіпкерлер келгенін, сапар қарсаңында Қазақстан — Сербия Іскерлік кеңесінің отырысы өткенін еске салды.

— Бизнес өкілдері арасындағы байланысты күшейту қажет екенін атап өттік. Жалпы, біз Сербия кәсіпкерлеріне қолайлы жағдай жасауға дайынбыз. Көлік және логистика саласындағы ынтымақ-

тастықты кеңейтуге айрықша назар аудардық. Былтыр Астана мен Белград арасында тікелей әуе рейсі ашылды. Бұл — ықпалдастығымызды дамыту жолындағы маңызды қадам. Сондай-ақ Транскаспий халықаралық көлік дәлізінің транзиттік мүмкіндіктерін тиімді пайдалану, жүк тасымалдайтын жана бағыттар ашу мәселесіне тоқталдық. Инфрақұрылым саласындағы әріптестікті нығайту жолдарын талқыладық. Тиісті министрліктер мен операторларға нақты ынтымақтастық тәсілдерін айқындауды ұсындық. Энергетика саласында аса маңызды минералдарды өндіру және өңдеу, қосылған құны жоғары өндірістерді дамыту үшін өзара іс-қимылды күшейтуге келістік, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Бұған қоса, Президент бейбіт атом энергетикасы бойынша тәжірибе алмасу мүмкіндігі қарастырылғанын жеткізді.

— Келіссөз барысында жасанды интеллекті және заманауи цифрлық технологияны жаппай енгізу стратегиялық тұрғыда маңызды екенін атап өттік. Осы бағытта бірлесіп жұмыс істеуге дайын екенімізді растадық, — деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаевтың айтуынша, ауыл шаруашылығы саласында зор мүмкіндік бар.

— Біз агроөнеркәсіп кешеніндегі әріптестікті жандандыруға мүдделі екенімізді білдірдік. Соның ішінде өсімдік, тұқым шаруашылығы саласындағы ынтымақтастықты нығайтамыз деп келістік. Сербиялық «Mambikom Agra» компаниясы Қазақстанда мұздатылған өнімдер шығаратын зауыт ашуға ниет танытып отыр. Бұл қадам аграрлық сектордағы ықпалдастықты жана деңгейге көтереді деп сенеміз. Сондай-ақ біз мәдени-гуманитарлық, білім беру және туризм саласындағы қарым-қатынасты дамытуға уағдаластық, — деді Президент.

Мемлекет басшысы келесі жылы Сербияның ЭКСПО көрмесін табысты өткізуіне еліміздің тілектес екенін жеткізді. Бұл ретте Қазақстан «EXPO 2027 Belgrade» көрмесіне қатысып, өз тәжірибесін бөлісуге дайын.

— Жалпы, бүгінгі келіссөздер өте табысты болды. Бірлескен мәлімдеме қабылдадық. Жан-жақты ынтымақтастыққа тың серпін беретін бірқатар маңызды құжатқа қол қойдық. Осы келісімдердің нәтижесінде екі елдің қарым-қатынасы нығая түсетіні сөзсіз, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Сондай-ақ тараптар халықаралық және аймақтық мәселелер жөнінде пікір алмасқан.

— Жаһандық геосаяси ахуалдың ушығуына, қақтығыстардың көбеюіне бәріміз алаңдап отырмыз. Әлемдегі көптеген түйткілге қатысты мемлекеттеріміздің ұстанымы — ұқсас. Біріккен Ұлттар Ұйымы Жарғысының және халықаралық құқық нормаларының талаптары қатаң сақталуға тиіс. Кез келген жанжалды келісім арқылы дипломатиялық жолмен шешу қажет деп санаймыз. Біз болашақта да халықаралық деңгейде күш біріктіріп, тиімді жұмыс істеуге, бейбітшілік пен тұрақтылықты қамтамасыз етуге белсене атсалысамыз деп келістік. Бүгінгі сапар екі елдің ынтымақтастығын одан әрі нығайта түсетіні анық. Бұған қос тарап та мүдделі. «Жұмыла көтерген жүк жеңіл» дейді. Бірлесіп әрекет етсек, ортақ мақсаттарға қол жеткіземіз деп сенемін, — деді Қазақстан Президенті.

Александр Вучич Қазақстанның экономикасы дамып, көпвекторлы сыртқы саясат табысты ілгерілеп келе жатқанын атап өтті. Сондай-ақ ол Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың басшылығымен қазақ халқы жана жетістіктерге жете беруіне тілектестік білдірді.

— Қазақстанның келешегі жарқын. Сербияның сіздерден үйренері көп. Сізді және Қазақстан халқын үлгі тұтатынымды айтудан еш ұялмаймын. Елдеріміз арасындағы шынайы достық келешектегі қарым-қатынасымызға негіз болады. Біз бұл байланыстарды экономика, ауыл шаруашылығы, ақпараттық технология, жасанды интеллект, роботтық техника және білім беру секілді салаларда дамыта аламыз, — деді Александр Вучич.

Сербия Президенті қазақ және серб командалары қатысқан UAE SWAT Challenge-2026 халықаралық жарысын асқан қызығушылықпен тамашалағанын айтты. Осы арада ол Мемлекет басшысынан арнайы бөлімшелер қызметкерлерін даярлау ісіне қолғабыс етуді сұрады.

— Бұл бағытта Қазақстанның әлемде үздік екені сөзсіз. Мен мұны Сербия азаматтары білгенін қалаймын. Біздің құрама кейбір жарыс түрлері бойынша жақсы өнер көрсетті. Ал қазақ жігіттері мен қыздары бірде-бір сайыста сүрінген жоқ. Мен бұндайды бұрын-соңды көрген емеспін. Арнайы жасақ қызметкерлеріңіз ең жоғары деңгейден көрінді. Олар біздің сарбаздарды жаттықтырса дұрыс болар еді. Сіздерді қауіпсіздік саласындағы керемет жетістіктеріңізбен тағы да құттықтаймын, — деді Александр Вучич.

Жиын соңында Президент Қасым-Жомарт Тоқаев пен Сербия басшысы Александр Вучич бірлескен мәлімдеме жасады. Тараптар «Берік достық пен өзара құрметке негізделген дипломатиялық қатынастар орнатудың 30 жылдығын мерекелеу жылында Президенттер екі ел мен олардың халқының игілігі жолында екіжақты ынтымақтастықты одан әрі нығайтуға және әртарапандандыруға берік ұстанымдарын растайтындарын» жария етті.

БАҒДАР

28 АҚПАН 2026 | СЕНБІ

ЖАҢА КОНСТИТУЦИЯ ӨҢІРЛЕРДІҢ ҚҰНДЫЛЫҚ БАҒДАРЫН АЙҚЫНДАЙДЫ



Мемлекеттік кеңесші Ерлан Қарин «Әділетті және Прогрессивті Қазақстанның Халықтық Конституциясы үшін!» Жалпыұлттық коалициясының мүшелерімен бірге Қостанай облысына барып, өңір жұртшылығымен бірқатар кездесу өткізді.

Мемлекеттік кеңесшімен бірге өңірге Жалпыұлттық коалицияның мүшелері, Парламент Мәжілісінің депутаттары – Снежанна Имашева, Еркін Әбіл, Айдарбек Қожаназаров, Қазақстан халқы Ассамблеясы Төрағасының орынбасары Марат Әзілханов, Президент Телерадиокешенінің директоры Раушан Қажыбаева, продюсер Алмас Жали, Upi-Q Group медиахолдингінің бас директоры Мұхамедкали Тауан барды.

Өңірге сапар этномәдени бірлестіктердің өкілдерімен кездесуден басталды. Мемлекеттік кеңесші Ерлан Қарин Жаңа Конституция тек құқықтық құжат қана емес, сонымен қатар мүдделер теңгерімін, ынтымақтастықты, өзара құрметті және ел болашағына ортақ жауапкершілік құндылықтарын бекітетін қоғамдық келісім екенін атап өтті. Ол «Бірлігіміз – әралуандықта» қағидаты қоғамның тұтастығын нығайтатынын мәлімдеді.

Мәжіліс депутаттары Снежанна Имашева мен Еркін Әбіл институционалдық жаңғырту тетіктері және дербестікті қорғау мәселелері туралы айтып, ұсынылып отырған өзгерістер азаматтардың шешім қабылдауға қатысуын күшейтетінін, мемлекет пен қоғам арасындағы өзара іс-қимылдың әлеуметтік әділетті моделін қалыптастыратынын жеткізді.

Қазақстан халқы Ассамблеясы Төрағасының орынбасары Марат Әзілханов пен этномәдени бірлестіктердің өкілдері Халық Кеңесінің этносаралық және конфессия-аралық диалог алаңы, тең мүмкіндіктерді қолдау және қоғамдық келісімді нығайту құралы ретіндегі рөлін атап өтті.

Сапар барысындағы басты оқиға – облыс активімен кездесу. Іс-шараға шамамен 300 адам – қоғам қайраткерлері, дикандар, өнеркәсіп саласының мамандары, әлеуметтік сала қызметкерлері, ғылыми және шығармашылық зиялы қауым өкілдері, спортшылар, сондай-ақ жастар қауымы қатысты.

Мемлекеттік кеңесші Ерлан Қарин Конституция жобасын әзірлеу барысына жан-жақты тоқталды. Оның айтуынша, референдум Жаңа Конституция жобасын жарты жылдан астам уақыт бойы кең көлемде қоғамдық талқылаудың заңды қорытындысына айналады.



Жаңа Ата Заң мемлекет пен қоғамның өзара тиімді іс-қимылына негізделген мемлекеттік-саяси құрылыстың заманауи әрі серпінді моделіне түбегейлі көшуді білдіреді.

Мәжіліс депутаттары Снежанна Имашева мен Айдарбек Қожаназаров жоба азаматтардың құқығы мен бостандығын қорғауды күшейтетінін, билік институттарының өкілеттіктері мен жауапкершілігі арасындағы тепе-теңдікті бекітетінін, сондай-ақ экономиканы, инновацияларды дамытуға және инвестициялар тартуға жағдай жасайтынын атап өтті.

Қостанай автомобиль көлігі колледжінің директоры Дмитрий Павленко еңбек, білім, ғылым және инновация құндылықтарының бекітілуі жастардың кәсіби тұрғыда өсуіне және заманауи экономиканың дамуына қажет берік негіз қалайтынын мәлімдеді.

Сапар барысында делегация Agromash және Allur зауыттары-

ның жас мамандарымен кездесті. Мемлекеттік кеңесші Ерлан Қарин адами капиталдың, білімнің, ғылымның және азаматтардың еңбектегі жетістіктерінің басымдығына тоқталды. Коалиция мүшелері жоба әлеуметтік әділдікті күшейтуге, жұмыспен қамтуды қолдауға және кәсіпкерлікті дамытуға бағытталғанын айтты. Жас мамандар Конституцияны салаға қажет тұрақты жағдайды қалыптастыратын әрі кәсіби тұрғыда өсуге мүмкіндік беретін құрал ретінде бағалайтындарын жеткізді.

Өңірде креативті жастардың өкілдерімен де кездесу өтті. Спикерлер білім, ғылым, мәдениет және инновацияларды мемлекеттің стратегиялық басымдығы ретінде бекіту, сондай-ақ зияткерлік меншікті құқықтық тұрғыда қорғау мәселелерін талқылады. Бұл креативті сектордың дамуына және азаматтардың өзін-өзі танытуына жағдай жасайды.

Жалпы алғанда, өңірдегі сапар аясындағы кездесулер Жаңа Конституция жобасына кең қолдау көрсетіліп жатқанын және қоғамның 2026 жылы 15 наурызда өтетін референдумға қатысуға деген жоғары қызығушылығы бар

екенін көрсетті. Қатысушылар құжат азаматтардың сұранысын ескеретінін, мемлекет пен қоғам арасындағы диалогты нығайтатынын, азаматтардың тұрмысын жақсартуға, әлеуметтік әділдік пен мемлекеттің тұрақты дамуына қажет жағдай жасайтынын атап өтті.

Қостанай облысының жұртшылығы Әділетті және Прогрессивті Қазақстанды құру жолындағы маңызды қадам ретінде Жаңа Конституция жобасына қолдау білдірді.

Жалпыұлттық Коалицияның баспасөз қызметі

Суретті түсірген: Әли Ғалым
Дайындаған: «AMANAT MEDIA GROUP» ЖШС
Тапсырыс беруші: М.Ж. Оспанов
«AMANAT» партиясы» ҚБ қаражатынан төленді

Әрқайсымыздың дауысымыз маңызды!

15 НАУРЫЗ
РЕФЕРЕНДУМ

«Дауыс беруге арналған бюллетень»

2026 жылдың 15 наурызында «Жобасы бұқаралық ақпарат құралдарында 2026 жылғы 12 ақпанда жарияланған Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясын қабылдайсыз ба?» деген сауал бойынша республикалық референдум өтеді.

Референдумда әрбір қазақстандық жеке дауыс береді. Бюллетень жеке басын куәландыратын құжатты көрсеткен кезде референдумда дауыс беруге құқылы азаматтар тізімі негізінде беріледі. Содан кейін Сіз бюллетеньді алғаныңыз туралы тізімге қол қоясыз.

Бюллетень жасырын дауыс беруге арналған кабинада толтырылады. Бюллетеньде Сіз өзіңіз жақтап дауыс беретін жауап нұсқасының оң жағындағы бос шаршыға кез келген белгі қоясыз. Бюллетеньге қарындашпен белгі қоюға, сондай-ақ оған қандай да бір түзету енгізуге болмайды. Толтырылған бюллетеньді дауыс беру жәшігіне саласыз.

Әрқайсымыздың дауысымыз маңызды!

Қазақстан Республикасының Орталық референдум комиссиясы

www.election.gov.kz

28 АҚПАН 2026 | СЕНБІ



ЖАҢА КОНСТИТУЦИЯ ЕРЕЖЕЛЕРІН ТАЛҚЫЛАДЫ

Парламент Сенатында палата Спикері Мәулен Әшімбаевтың төрағалығымен Мәслихаттармен өзара іс-қимыл жөніндегі кеңестің кезекті отырысы өтті. «Жаңа Конституция – ұзақмерзімді дамудың берік негізі» тақырыбына арналған іс-шарада адам құқықтары мен бостандықтарын қорғау және заң үстемдігін нығайту үшін тиісті заңнаманы жетілдіру жолында жүргізіліп жатқан конституциялық реформаның маңызы талқыланды.

Мәулен Әшімбаев қатысушыларға ілтипат білдіріп, конституциялық реформа ел дамуындағы шешуші кезең екенін тілге тиек етті. Жаңа Ата Заң жобасы Әділетті Қазақстан идеясын толық іске асыруға ықпал етіп, саяси жүйені демократияландыру мен жаңғыртудың құқықтық негізін айқындайтыны да айтылды.

«Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың бастамасымен барлық салада аса маңызды реформалар жүйелі түрде жүзеге асырылып келеді. Қазір жүргізіліп жатқан конституциялық өзгерістер сол іргелі істің жүйелі әрі дәйекті жалғасы екені анық. Мемлекет басшысының Жарлығымен 15 наурызда жаңа Конституцияға байланысты республикалық референдум өтеді. Бұл – елдің саяси жүйесін демократияландыру жолындағы тарихи кезең. Ата Заң, ең алдымен, мемлекеттілік пен Тәуелсіздікті нығайтуға және азаматтардың әл-ауқатын арттыруға бағытталған. Сондықтан жаңа Конституция жобасы заң мен тәртіп қағида-дәстүрлеріне және азаматтардың мүдделері мен құқықтарына табан тірейді», – деп Сенат Төрағасы жаңа Ата Заңның жекелеген нормаларына назар аударды.

Мәулен Әшімбаев жаңа Конституцияның преамбуласына тоқталып, мұнда адамның құқықтары мен бостандықтары алғаш рет мемлекеттің негізгі басымдығы ретінде бекітілгенін атап өтті. Сондай-ақ ол адам капиталын, білім мен ғылымды және инновацияны дамытуға бағытталған ережелерге ерекше мән берді.

Сонымен қатар Сенат Төрағасы конституциялық реформа саяси жүйе эволюциясының табиғи жалғасы және сарапшылар мен азаматтық қоғамдастық өкілдерінің ұзақмерзімді бірлескен жұмысының нәтижесі екенін айтты. Отырыста жаңа Конституция ұлттық мүддеге

толық сай келетін және қазіргі сын-кәтерлерді еңсеруге арналған маңызды кадам екені де сөз болды.

«Жаңа Конституция – Әділетті Қазақстанның конституциялық моделінің және жалпы елдің орнықты дамуының құқықтық негізін қалайтын тарихи құжат. Осыған байланысты билік тармақтарының тиімділігіне негізделген заманауи мемлекеттік басқару жүйесі құру көзделіп отыр. Ата Заңның нормаларына сәйкес Құрылтайдың өкілді рөлі артып, жаңа саяси институттар құрылады. Өңірлердің және барлық әлеуметтік топтың өкілдігін қамтамасыз ету үшін жоғары консультативтік орган ретінде Халық кеңесі қалыптасатыны белгілі. Мемлекеттік билік органдарының конституциялық мәртебесі, құзыреті және міндеттері де айқындалып отыр», – дей келе, Мәулен Әшімбаев мәслихат депутаттарын Мемлекет басшысы белгілеп берген міндеттерді іске асыру жолында жұдырықтай жұмылуға шақырды.

Кеңес отырысында қатысушылар өзекті мәселелерді талқылап, өзгерістерге, оның ішінде билік жүйесін трансформациялауға қатысты да пікір алмасты. Сондай-ақ Құрылтай, Халық кеңесі және басқа да жаңа саяси институттар, олардың қалыптасуы, міндеттері, құзыреттері мен қызметі туралы сөз болды.

Іс-шарада конституциялық реформа Парламент және мәслихат депутаттары, қоғам қайраткерлері, түрлі саладағы сарапшылар мен мамандар, сондай-ақ ел ертеніне бейжай қарамайтын белсенді азаматтар қатысқан кешенді әрі жүйелі жұмыстың нәтижесі екені айтылды.

Отырысқа сенаторлармен бірге облыстық және қалалық мәслихаттардың депутаттары мен қоғамдық ұйымдардың өкілдері қатысты.

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ КЕЛІСІМДІ РАТИФИКАЦИЯЛАУ ТУРАЛЫ ЗАҢДЫ ҚАРАЙДЫ



Мәжіліс Спикері Ерлан Қошановтың төрағалығымен өткен бюро отырысында алдағы жалпы отырыстың күн тәртібінің жобасы нақтыланды.

Депутаттарға бірқатар халықаралық келісімді ратификациялау туралы заң жобаларын қарау ұсынылады. Олардың ішінде Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Халықаралық Қайта Құру және Даму банкі, Халықаралық Қаржы Корпорациясы мен Инвестициялар Кепілдігінің Көпжақты Агенттігі арасындағы елдің орнықты дамуына және өркендеуіне жәрдемдесу мақсатымен ынтымақтастықты кеңейту жөніндегі әріптестік туралы негіздемелік келісім бар. Жобаны іске асыру аталған халықаралық қаржы институттарымен ұзақмерзімді әріптестікті нығайтуға және орнықты дамуға қосымша қолдау көрсетуге мүмкіндік береді.

Сондай-ақ күн тәртібінің жобасына 1993 жылғы 22 қаңтардағы және 2002 жылғы 7 қазандағы Азаматтық, отбасылық

және қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек пен құқықтық қатынастар туралы конвенцияға өзгерістер енгізу туралы хаттамалар енгізілді. Түзетулер кәметке толмаған балаларға алимент өндіріп алу туралы сот бұйрықтарын келісуші тараптардың аумақтарында тануға және мәжбүрлеп орындауға жататын сот актілерінің тізбесіне енгізуді көздейді. Бұл нормалар балалардың құқықтары мен мүдделерін қорғауды күшейтуге бағытталып отыр.

Бұдан бөлек, депутаттар Жеке детективтік қызмет туралы, 2010 жылғы 10 желтоқсандағы ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің адамдарды мемлекетаралық іздестіру туралы шартына түзетулер енгізу хаттаманы ратификациялау туралы заң жобаларын жұмысқа қабылдайды.

БІРЛЕСКЕН ЖОБАЛАР ЖҮЗЕГЕ АСАДЫ

Үкімет басшысы Олжас Бектенов Еуразиялық даму банкінің басқарма төрағасы Николай Подгузовпен кездесу өткізді. Онда экономиканың басым бағыттарындағы жобаларды жүзеге асыру мәселелері және инвестициялық ынтымақтастықты одан әрі кеңейту перспективалары талқыланды.



Кездесу барысында Премьер-министрге ЕАДБ-ның кезекті стратегиялық кезеңінің аяқталғаны және Қазақстанда жобаларды жүзеге асыру бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстар туралы мәлімет берілді. Банктің жинақталған портфелінде инвестициялардың жалпы көлемі 19,6 млрд доллар болатын 326 жоба бар. Тек 2022-2026 жылдары ЕАДБ қатысушы елдердің экономикасына 9 млрд доллар инвестиция құйды, оның 5,2 млрд доллары Қазақстанға тиесілі. Кейінгі 4 жылда Қазақстан экономикасына салған инвестиция көлемі жыл сайын 1 млрд доллардан астам болса, 2025 жылы 1,5 млрд долларға жетті.

Қаржы бөлінген маңызды жобалардың ішінде – «Силлено» газ өңдеу зауыты, Атырау облысындағы КРІ газ-химия кешенінің құрылысы, тау-кен металлургия кешенінің кәсіпорындарын жаңғырту, Қарағанды, Алматы, Ақтөбе қалаларындағы ЖЭО-ларды қайта жаңарту ісі бар. Биыл ЕАДБ ірі жобаларды, оның ішінде өңдеу өнеркәсібі, тау-кен өндіру секторын қаржыландыруды жалғастырады.

Кездесу қорытындысы бойынша сындарлы әріптестікті одан әрі нығайтудың және Қазақстан экономикасының тұрақты дамуы мүддесінде инвестициялық ынтымақтастықты кеңейтудің маңыздылығы атап өтілді.

РЕФОРМА

28 АҚПАН 2026 | СЕНБІ

ПРЕАМБУЛАДА ТҰНҒАН ПАРАСАТ: ҰЛЫ ДАЛА ҰЛАҒАТЫ МЕН ЖАҢА ЗАМАН ЖАСАМПАЗДЫҒЫ

Әз-Наурызбен бірге жаңару үмітін арқалаған Ата Заңның жобасы – елдіктің ертеңін айқындап, Ұлы даланың тарихи тамыры мен болашақтың биік мұраттарын тұтастырған парасатты пайымның жемісі. Оның преамбуласы құрғақ құқықтық қағидалар жиынтығы емес, ұлттың жаңа сапасын қалыптастыратын, өркениеттің прогрессивті ағымына бағытталған рухани манифест іспетті. Әрбір сөйлемі мен үтіріне дейін ойластырылған бұл кіріспе бөлім мемлекеттілік пен әділеттілік ұғымдарына терең мағыналық реңк беріп, қоғамның жаңа құндылықтық бағдарын айқындап тұр.

А Айхан ШӘРІП

ЗИЯТКЕР ҰЛТ – ЗАМАНА ЗАҢҒАР БИГІ

Жаңа Конституция жобасы – уақыттың жай жаңғырығы емес, ел санасының, қазақ даласының кемел келешекке қарай байыпты қадамы, байсалды таңдауы. Бұл құжаттың тереңдігін оның кіріспе-преамбуласынан аңғарасыз. Ол қазақтың тарихи жады мен болашақ мұратын жалғаған мағыналық көпір тәрізді. Әрбір тұжырымы асығыс айтылған ұранға емес, мұқият ойластырылған пайымға сүйенеді, сондықтан онда құқық та, әділет те, жауапкершілік те өз орнын тапқан. Бұл мәтінде мемлекет өзін қайта жарияламайды, қайта таниды – тамырында, бағытында нақтылайды.

Сол себепті жаңа Конституция жобасы ел дамуының заңдық құжаты ғана емес, рухани-өркениеттік бағдаршамы болғаны тұр. Сарапшылардың айтуынша, конституциялық реформа – елдік ертеңіміздің саяси келбетін ғана емес, рухани болмысын да айқындайтын белес болуға тиіс. Бұл жолғы өзгерістер тек құқықтық нормалардың жиынтығы емес, қоғамның әділетке деген аңсары мен биліктің жауапкершілік жүгін арқалаған жаңа парасат деңгейінің көрінісі болмақ. Әсіресе, Ата Заңның «алтын босағасы» саналатын преамбула бөліміндегі мағыналық түлеу – ұлттық дамудың темірқазығы мен тарихи сабақтастықтың үзілмес тіндей бекуі.

РУХ ПЕН ЗАҢНЫҢ ТОҒЫСУЫ

Жалпы, жаңа преамбула – мемлекеттік саясаттың темірқазығы. Мұндағы басты басымдық – адам құқықтары. Ол мемлекеттік бір тегі емес, мемлекеттің жүру бағытын айқындайтын ең жоғарғы құндылық. Бірлік пен келісім – тұрақтылықтың іргетасы. Жердің бүтіндігі мен тұтастығы – кіріспеде мызғымас қағидат ретінде бекемделді. Алғаш рет Әділеттік пен экология мәселелері конституциялық деңгейге көтеріліп, халықтың билік көзі екені туралы ақиқат айқын жазылды. Мұны – жай ғана кіріспе емес, ұлттың болашаққа бастар рухани компасы деуге болады.

Қазақстанның ертеңі жерастындағы кенмен емес, адамның зейін-зердесімен өлшенбек. Конституциядағы бұл бетбұрыс – ресурстық тәуелділіктен интеллектуалдық еркіндікке жасалған қадам болғаны жөн. Білім, ғылым, мәдениет және инновация ұғымдары жасанды интеллект дәуіріндегі еліміздің басты қаруына айналмақ. Бұл – зияткерлік экономиканың іргетасын Ата Заңмен бекіту деген сөз.

Құқықтық саясатты зерттеу орталығы Конституцияның жаңа нұсқасының преамбуласындағы тұжырымдарды талдап, сараптамалық қорытынды дайындады. Онда атап



көрсетілгендей, жаңа преамбула – жай ғана құрылтайшылық акт емес, нормативтік бағдарлардың бастау бұлағы.

– Қолданыстағы 1995 жылғы Конституцияның преамбуласы ықшамдылығымен, абстракция деңгейінің жоғарылығымен және институционалдық бейтараптығымен ерекшеленеді. Онда базалық конституциялық құндылықтар мен халықтың құрылтайшылық еркі кеңейтілген бағдарламалық ұстанымсыз бекітілген. Ал 2026 жылғы жобаның преамбуласы өзгеше: көлемі жағынан ауқымды, мазмұны жағынан тереңірек. Құндылықтық және мақсаттық тұжырымдардың кең жиынтығын қамтиды. Сөйтіп, преамбула жай кіріспе ғана емес, сонымен бірге мемлекеттік саясаттың стратегиялық мақсатына және нормативтік бағдарының қайнарына айналады, – дейді Құқықтық саясатты зерттеу орталығының сарапшысы, жария саясат және адам құқықтары жөніндегі халықаралық құқық саласының маманы Назгүл Ерғалиева.

МЕМЛЕКЕТТІЛІК: «ҚҰРУДАН» «НЫҒАЙТУҒА» ДЕЙІН

Ғалым мына ерекшелікке назар аударды. 1995 жылы қабылданған, 2022 жылы өзгертілген Конституцияның «алғымсөзінде» былай жазылған: «1) Біз, ортақ тарихи тағдыр біріктірген Қазақстан халқы, 2) байырғы қазақ жерінде мемлекеттілік құра отырып, 3) өзімізді еркіндік, теңдік және татулық мұраттарына берілген бейбітшілік азаматтық қоғам деп ұғына отырып, 4) дүниежүзілік қоғамдастықта лайықты орын алуды тілей отырып, 5) қазіргі және болашақ ұрпақтар алдындағы жоғары жауапкершілігімізді сезіне отырып, 6) өзіміздің егемендік құқығымызды негізге ала отырып, осы Конституцияны қабылдаймыз».

Біріншіден, осы мәтіндегі «ортақ тарихи тағдыр біріктірген» деген дерексіз тіркес – сан алуан ұлыстың басын тарихтың талқысымен амалсыз қосқандай, жазмыштың айдауымен ғана тоғыстырғандай солғын әсер қалдыратын. Екіншіден, мемлекеттің байырғы қазақ топырағында бой көтергені айтылғанымен, мемлекеттіліктің іргетасы тек кеше ғана қаланғандай, өткеннің өнегесін ескеруісін қалдырған біржақты байлам жасалатын. Түпкі тарихымыздың алтын қазығы – сақ пен ғұн бабаларымыздың айыбын, айбарымен аспан астын тербеген Түркі қағанаттары және қабырғалы Қазақ хандығының мемлекеттілік дәстүрлері Ата Заңның бастауында лайықты бағасын алмады. Сондай-ақ жаһандық қауымдастықтан лайықты орын иеленуге деген ішкі аңсар мен ізгі ниет конституциялық арман-тілек ретінде бекітіліп кеткен.

Ал жаңа Конституция жобасында ұлттық танымы сілкіңтер жаңашыл иірімдер мен соны соқпақтар жеткілікті. Мұнда тек киелі қазақ жерінің байырғылығы ғана емес, сол топырақта өркен жайған «Ұлы Даланың мыңдаған жылдық тарихы» – ұлттық бірегейлігіміздің алтын арқауы ретінде дәріптеледі.

Себебі тарихты халық жасайды. Бұл – қазақ ұлтының XX ғасырдың таңында ғана тарих сахнасына шыққан немесе сырт көздің пайымымен «ойлап табылған» жасанды ұлт емес, тамыры тереңге жайылған, мыңжылдықтар бедерінде шындалған кемел жұрт екенін заң жүзінде шегендеу. Осы ұлан-ғайыр босағаның бүтіндігі, ата-баба қанымен келген шекараның мызғымастығы, табиғат-ананың келер ұрпаққа аманат етілген асыл қазынасы мен өзге де киелі құндылықтар ендігі жерде мемлекеттігіміздің мызғымас тұғыры ретінде айқындалмақ.

15 наурызда референдумға шығарылатын Ата Заңның жаңа нұсқасының преамбуласы: «1) Біз, біртұтас Қазақстан халқы, 2) байырғы қазақ жерінде мемлекеттілікті нығайта отырып, 3) Ұлы Даланың мыңдаған жылдық тарихының сабақтастығын сақтап, 4) мемлекеттің унитарлы сипатын, оның шекарасы мен аумағының тұтастығына қол сұғуға болмайтынын нақтылап, 5) Әділетті Қазақстан идеясын және Заң мен Тәртіп қағидатын ұстанып, 6) адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтары мүлтіксіз сақталатынын мәлімдеп, 7) бірлік пен ынтымақ, этносаралық және конфессияаралық татулық қағидаттарына сүйеніп, 8) мәдениет пен білім, ғылым мен инновация құндылықтарын бағдарға алып, 9) табиғатты аялау қажеттігін мойындап, 10) бейбітшілікке және барлық елмен достыққа ұмтылып, 11) келешек ұрпақ алдындағы аса жоғары жауапкершілікті сезініп, ҚР Ата Заңын – осы Конституцияны қабылдаймыз».

Зерттеуші Назгүл Ерғалиева мына ерекшелікке назар аударды: 1995 жылғысы: «Мемлекеттілік құра отырып» – 2026: «Мемлекеттілікті нығайта отырып». Бұл өзгеріс преамбуланың мағыналық екінін ауысқанын көрсетеді. Яғни, 1995 жылғы мәтінде халық мемлекетті қалыптастырушы белсенді субъект болса, жаңа редакция мемлекеттіліктің толыққанды қалыптасып болғанын, ендігі міндет – сол құндылықты сақтау мен қорғау екенін білдіреді.

– «Мемлекеттілікті құра отырып» формуласы тілдік әрі мазмұндық тұрғыдан жалғасқан құрылтайшылық әрекет идеясымен байланысты: біз мемлекеттілігімізді әрі құрып жатырмыз. Ал «мемлекеттілікті нығайта отырып» формуласы өзге логикаға негізделген. Ол бұрыннан қалыптасқан және құрылу кезеңі аяқталған мемлекеттік моделінің бар екенін түспалдайды. Мұндай жағдайда халық құрылтайшылық үдерістің субъектісі емес, қорғаушы функцияның иесі, – деді сарапшы.

Ғалым посткеңестік, постсоциалистік республикалардың кейбірінің конституциясында «құру, жасау» ұғымы сақталғанын тілге тиек етті. Олар мемлекеттік құрылыс кезеңінен институционалдық тұрақтандыру кезеңіне өтсе де, преамбулада құрылтайшылық риториканы өзгеріссіз сақтаған. Бірқатары осы арқылы мемлекеттіліктің құрылу сәтімен символикалық байланысты сақтауға ұйғарды. Қазақстан құрылтайшылық

парадигмадан қорғаушы парадигмаға көшті. Әрине, ең бастысы – мемлекеттің әр ісі мемлекеттілікті нығайтуға бағытталғаны жөн. Сөздің іспен қабысқаны маңызды.

ҚАЗАҚ – МЫҢЖЫЛДЫҚ ТАРИХ ИЕСІ

Тағы бір маңызды өзгеріс ғалымдар назарына ілікті. 1995 жылы: «ортақ тарихи тағдыр біріктірген» – 2026: «Ұлы Даланың мыңдаған жылдық тарихының сабақтастығын сақтап». Бұл – қазақ халқының өлем сахнасына кеше ғана шыққан ұлт емес, тарихтың бастауынан тамыр тартатын іргелі жұрт екенін заң жүзінде мойындау.

– 1995 жылғы Конституция преамбуласының тұжырымы «ортақ тарихи тағдыр» деген жалпылама және абстрактілі ұғымды қолданады, нақты тарихи кезеңдерді, мәдени шеңберлерді немесе өркениеттік нарративтерді айқындамайды. Өзге ұлттардың көбі патша және кеңес заманында қоныс аударылғаны мәлім. Мұндай өрнек инклюзивті сипатқа ие және институционалдық бейтараптықты сақтайды, бірлескен тарихи тәжірибе фактісін бекітумен шектеледі. «Ұлы Даланың мыңжылдық тарихына» сілтеме жасау арқылы нақты тарихи-өркениеттік бағдарды енгізеді. Бұл өрнек символдық әрі мәдени мәнге ие. Преамбула заңдық тұрғыдан бейтарап сипаттамадан кетіп, тарихи нарратив элементімен толықты, – деді ғалым Назгүл Ерғалиева.

Заң ғылымдарының докторы Индира Әубәкірованың пікірінше, Конституция жобасының преамбуласында алғаш рет жалпыұлттық құндылықтарымыз айқын белгіленген. Оның пайымдауынша, Ата Заңның жаңа нұсқасы қазақстандық мемлекеттіліктің терең тарихи тамырын және Ұлы Дала мемлекеттілігі дәстүрлерінің жалғасы екенін нұсқайды.

– Жаңа Конституция жобасында преамбула іс жүзінде толық жаңартылған. Бұрынғысы тәуелсіздіктің қалыптасу кезеңін бейнелесе, қазіргі мәтінде қалыптасқан мемлекет пен кемел қоғам мензеледі. Ол жаңа саяси және экономикалық даму кезеңінде қай бағытта жүру керектігін түсіндіреді, қазіргі шынайылық пен болашақ мүмкіндіктерді ескеріп, келешек алдындағы жауапкершілікті бекітеді. Преамбулада еліміздің қандай болуға тиістігі, ұлттық арманды жүзеге асыру жолында біз үшін не маңызды екені айқын көрінеді, – деп түсіндірді профессор.

Әлемдік және қазақ философиясы орталығының директоры Серік Нұрмұратов преамбуланың жүйекұраушы функцияны атқаратынын атап өтті: «Жаңа Конституцияның преамбуласы – декларация емес, конституциялық тәртіптің онтологиялық шеңбері. Онда тарихи сабақтастық, унитарлық және халық бірлігі сияқты негізгі санаттар бекітіледі, олар мемлекеттің құндылықтық негізін қалыптастырады. Преамбула арқылы Конституция мемлекеттік құрылыс қағидаттарын сақтаудың және оларды заманауи әлеуметтік сын-қатерлерге сай қайта пайымдаудың арасындағы тепе-теңдікті бекітеді», – деді сарапшы.

Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының директоры, Конституциялық комиссия мүшесі Анар Фазылжан преамбуланың және Конституцияның құндылықтық ережелерінің гуманитарлық маңызын атап өтті: «Преамбула мен Конституцияның құндылықтық нормалары мемлекеттің мәдени және тіл саясатының шеңберін айқындайды. Дәл солар арқылы қоғамдық бірлік, бірегейлік және даму сабақтастығы туралы түсінік қалыптасады».

Ата Заңның жаңа жобасы – конституциялық реформаның заманауи жаһандық сын-қатерлерге берген байсалды әрі батыл жауабы. Ал оның кіріспе-преамбуласы – өткеннің өнегесін, бүгіннің бекемдігін және ертеңнің еркіндігін тоғыстырған манифест. Бұл – Ұлы Дала елінің жаңа дәуірге жасаған нық қадамы.

РЕФОРМА

28 АҚПАН 2026 | СЕНБІ

Жаңа Конституция жобасында адамның ар-намысы мен қадір-қасиетін қорғауға бағытталған нормаларға барынша мән беріліп отыр. Демек, әр азаматтың таңдау еркі мен бостандығы, өмір сүру хақына айрықша ден қойылмақ.

А Олжас ЖОЛДЫБАЙ

Мемлекет басшысының Жарлығымен елде 2026 жылдың 15 наурызында Конституциялық референдум өтеді. Соның негізінде жаңа Конституция халықтың таңдауына беріледі. Қазір әр бапты қоғам жіті талқылап жатыр. Жаңа Конституция жобасында адам құқықтары мен оның ар-ожданы, адамның жеке басының құндылықтарына аса мән берілген.

Конституциялық соттың дерегінше, жаңа Конституция жобасында әр адам мемлекет құндылығына баланған. 12-20-бапқа дейін адамның бостандығы, өмір сүру құқығы, ел азаматтарының шетелде де қорғалуы, сотқа жүгіну жайы жазылған. 20-бапта адамның ар-ожданы мен қадір-қасиетіне қол сұқпау, 21-бапта жеке өміріне қол сұқпау, 22-бапта ар-ождан бостандығы көзделген. Дәлірек айтқанда, адамның өз құқығын білуі, пайдалана алуы, заң алдында қорғауы сипатындағы нормалармен айқындалған. Ал қалған баптарда адамның оқуы, білім алуы, еңбек етуі, сотқа жүгінуі сияқты бірқатар ереже мен қағида бар. Қолданыстағы Конституцияға қарағанда «адам» сөзі 1,5 есе көп, 76 рет қолданылыпты.

Д.Қонаев атындағы Еуразиялық заң академиясының президенті, Халықаралық заңгерлер одағының мүшесі, профессор Өмірәлі Жалаири жаңа Конституция жобасында адам құқықтары мен ар-ожданы, жеке басының қадір-қасиетіне аса мән берілгенін жеткізіп отыр.

— Жаңа Конституция жобасында адам құқықтары мен бостандықтарына айрықша кепілдік берілген. «Конституциялық құрылыс негіздері» атты I бөлімі, 1-бапта «Қазақстан Республикасы — демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет. Мемлекеттің ең жоғары құндылығы — адам мен оның өмірі, құқықтары мен бостандықтары» деп нақтыланды. Демек, бұдан былай адам құқықтарына барынша назар аударылып, оның ар-ожданы мен бостандықтарына кепілдік беріліп, жан-жақты қорғалады. «Негізгі құқықтар, бостандықтар мен міндеттер» атты II бөлімінің, 12-бабының, 2-тармағында «Әр адамның өз құқықтары мен бос-

АДАМ ҚҰҚЫҚТАРЫ — АТА ЗАҢНЫҢ АЛҒЫШАРТЫ



тандықтарын сот арқылы қорғауға құқығы бар» делінген. Бұрын Конституциялық сотқа 4-5 субъект қана жүгінетін. Бұдан былай әр адам өз құқығын қорғау үшін Конституциялық сотқа тікелей жүгіне алады. Бұл орган адам құқықтарын бұзылмауын да қадағалайтын болады. Осы баптың 3-тармағында «Қазақстан Республикасында заңға сәйкес білікті заң көмегін алу құқығы танылады» деп айқындалған. Бұған дейін адамдар өздерінің құқығын қорғай алмай, балағат сөз естіп, түрлі зорлық-зомбылық көргендей қайда жүгінерін білмей дал болатын. Енді сот, прокуратурадан қанағаттанарлық жауап алмаған жағдайда, адвокаттардан көмек ала алатын болды. 86-бапта адвокаттардың мәртебесі ерекше айқындалғаны да үлкен жетістік. Жаңа Конституцияда «Қасым ханның қасқа жолы», «Есім ханның ескі жолы», Тәуке ханның «Жеті жарғы» заңдары ескеріліп, цифрлық дәуірге лайықталады деп сенеміз. Себебі Әділетті Қазақстанда адамның құқығы бәрінен жоғары тұруға тиіс, — дейді заңгер.

Мемлекет басшысы биыл Үкіметтің кеңейтілген отырысында «адам құқықтары және ұлттық мүддеміз толық қорғалған» деп атап өтті. Сондай-ақ Президент «қазіргі Конституцияда «Тұрғын үйге қол сұғуға болмайды. Сот шешімінсіз тұрғын үйден айыруға жол берілмейді» деген ереже бар. Осы ережені «тұрғын үйден мәжбүрлеп шығаруға» да сот шешімінсіз жол берілмейді деп толықтырған жөн. Меніңше, бұл — жаңа Конституцияның сипатына толық сай келетін әлеуметтік норма», — деді. Бұл ұсынысты қоғам құптағаны байқалды.

Аталған бастамаларды Философия, саясаттану және дінтану институтына қарасты Салыстырмалы саяси зерттеулер орталығының жетекшісі Айдар Амребаев оң тенденцияға балайды. Ол

жаңа Конституция жобасының 28-бабының 1-тармағы, сондай-ақ 8-баптың 3-тармағына байланысты ой-пікір білдірді. Оның сөзінше, қоғам талқысына ұсынғалы жатқан Конституцияны не ұлттық негізге немесе халықаралық заң нормаларының біріне лайықтап жасау керек деп пайымдайды. Сондай-ақ Халық Кеңесі адам құқығын қорғайтын қоғамдық негізде жұмыс істейтін ұйымға айналып, құзыреті артқанын қалайды.

— Жаңа Конституция жобасында, әсіресе, преамбулада да ең бастысы — адам құқығы мен

атынан меншік құқығын мемлекет жүзеге асырады...» деген бөлімдері бар. Яғни, біздің жер де, қазба байлық та халыққа тиесілі, ал мемлекет тек соны үйлестіріп, жүзеге асыратын оперативті орган деген сөз. Конституциялық комиссия құрамында тек қана заңгерлер, билік өкілдері емес, қоғам қайраткерлері, зиялы қауым, ғалымдар, саясаткерлер, БАҚ өкілдері кіруі — ел үшін маңызы бар істі талқылап, жетілдіруге зор септігін тигізуде, — дейді саясаттанушы.

Нақтылап өтейік, адам құқықтарын қорғау жөніндегі негіз-



Теңдік қағидаты күшейтіліп, тегі, жынысы, ұлты, тілі, діні немесе әлеуметтік жағдайына қарамастан әр азаматтың заң алдындағы теңдігі нақты бекітіледі. Бұл — қоғамдық келісім мен өзара құрметтің берік негізі. Жаңа Конституцияда сөз және шығармашылық еркіндігі, еңбек ету құқығы, әлеуметтік қорғалу кепілдіктері, жеке өмірге қол сұқпаушылық және ар-ождан еркіндігі секілді негізгі құқықтар кешенді түрде айқындалады.

құндылығы деп айқын жазылса, ең маңызды субъект ол адам деп нақтыланған. Ал қолданыстағы Конституцияда басты субъект мемлекет еді. Жаңа Конституция жобасында адам құқықтары, ар-ожданы, құндылығы кең, зерделенген. Айта кетейік, 28-баптың 1-тармағында «Тұрғын үйге қол сұғуға болмайды» деп жазылған. Расында, осы мемлекетте өмір сүретін адамның жеке баспанасына қол сұғылмаушылық, жай нормативтік құқықтық актілер шеңберінде қарастырылғаннан гөрі, елдің басты ресми құжаты — Ата Заңда шегеленіп жазылуы, адам құқықтарының беделінің артқанын білдіреді.

8-баптың 3-тармағындағы «Жер және оның қойнауы, су көздері, өсімдіктер мен жануарлар дүниесі, басқа да табиғи ресурстар халыққа тиесілі. Халық

ті халықаралық құжаттарға 1948 жылғы Жалпыға бірдей декларация, 1950 жылғы Еуропалық конвенция және БҰҰ-ның арнайы конвенциялары (балалар, әйелдер, мүгедектер құқығы) жатады. Олар өмір сүру, еркіндік, азаптауға тыйым салу және теңдік құқықтарын кепілдендіреді. Біздің ел де әлемнің бір бөлігі болғандықтан, осы шарттарға мән беретіні анық.

Аталған Конституциялық реформадағы адам құқықтары аспектілерінің маңызы жайында Мәжіліс депутаты, «AMANAT» партиясы фракциясының мүшесі Үнзила Шапақ өз ойымен бөлісті. Сондай-ақ Конституциялық комиссияның мүшесі ретінде де адам мен мемлекеттік институттың біртұтас екенін айтып келеді. Ол Конституцияның өзегінде ең басты құндылық ретінде адам

және оның құқықтары мен бостандықтары айқын көрсетілгенін алға тартты. Бұл — жай ғана декларация емес, мемлекеттің даму философиясын айқындайтын іргелі ұстаным. Сонымен қатар аталған бастаманы еліміздегі әділетті, құқықтық әрі әлеуметтік мемлекетті нығайтуға бағытталған маңызды қадам деп бағалайды.

— Жаңа жобада адам құқықтары абстрактілі ұран деңгейінде емес, нақты конституциялық кепілдіктер арқылы бекітіледі. Өмір сүру құқығы абсолютті құндылық ретінде қорғалып, жеке бас бостандығына заңсыз қол сұғуға жол берілмейтіні нақты айқындалады. Азаматтарды негізсіз қамауға алу, заңсыз шектеу немесе қысым көрсету әрекеттеріне тосқауыл қоятын құқықтық тетіктер күшейтіледі. Сот билігінің адам құқықтарын қорғаудағы рөлі де айтарлықтай күшейтіледі. Тәуелсіз және әділ сот — азаматтардың құқықтық қорғалу деңгейінің негізгі көрсеткіші. Осы тұрғыда құқық қорғау механизмдерінің тиімділігін арттыруға бағытталған жүйелі өзгерістер қарастырылған. Конституцияның жаңа жобасында отбасы институтын қорғау, әлеуметтік тұрақтылықты қамтамасыз ету мәселелері де назардан тыс қалмаған. Теңдік қағидаты күшейтіліп, тегі, жынысы, ұлты, тілі, діні немесе әлеуметтік жағдайына қарамастан әр азаматтың заң алдындағы теңдігі нақты бекітіледі. Бұл — қоғамдық келісім мен өзара құрметтің берік негізі. Жаңа Конституцияда сөз және шығармашылық еркіндігі, еңбек ету құқығы, әлеуметтік қорғалу кепілдіктері, жеке өмірге қол сұқпаушылық және ар-ождан еркіндігі секілді негізгі құқықтар кешенді түрде айқындалады.

Мемлекет адам қадір-қасиетін қорғауды өзінің тікелей міндеті ретінде қабылдайды. Бұл өзгерістер азамат пен мемлекет арасындағы сенімді нығайтып, өзара жауапкершілікті арттыруға бағытталған. Адам құқықтарын қорғау — тек соттардың немесе мемлекеттік органдардың емес, бүкіл қоғамның ортақ міндеті мен құндылығы. Жаңа Конституция жобасы адам құқықтары мен бостандықтарын ең жоғары бағымдық ретінде бекітіп, Қазақстанның құқық үстемдігіне негізделген, заманауи әрі әділетті мемлекет ретінде дамуына берік құқықтық негіз қалыптастырады, — деп түйді Мәжіліс депутаты, Конституциялық комиссияның мүшесі.

Токетері, жаңа Конституцияда адам құқықтарына айрықша мән берілген. Соның ішінде адам құқығы, отбасы құндылығы, неке қатынасы ерекше айқындалып тұр. Бұл жолғы Конституцияның қолданыстағысынан айырмашылығы — адам құқықтары мен бостандықтарына кепіл беруінде. Яғни, мемлекет әр адамның мүддесін, ар-ожданын, қадір-қасиетін басты орынға шығарады.

ПАРАСАТ

28 АҚПАН 2026 | СЕНБІ



Қазақ ғылымының көрнекті өкілі, академик, мемлекет және қоғам қайраткері Өмірбек Жолдасбековтің туғанына – 95 жыл. Бұл – қайраткер тұлғаның жарқын есімі мен өлшеусіз еңбегін ұлықтай отырып, ұлт ғылымы алдындағы парызымызды терең сезінетін тағылымды сәт.

Жансейіт ТҮЙМЕБАЕВ,
әл-Фараби атындағы
ҚазҰУ-дың
Басқарма Төрағасы – Ректоры

Өмірбек Арысланұлы – білім мен ғылымды ел дамуының стратегиялық өзегіне айналдырған, терең ғылыми ой мен кемел ұйымдастырушылықты үйлестіре білген біртуар тұлға. Бүкіл саналы ғұмыры ұлт мүддесіне қызмет етудің, ғылымға адалдықтың, мемлекетшіл парасаттың үлгісі болды.

Ғалым механика және машина жасау саласында ұлттық ғылыми мектеп қалыптастырып, қазақстандық инженерлік ойлау мәдениетінің негізін қалады. Теориялық механика, машина және механизмдер теориясы бағытындағы іргелі зерттеулері отандық ғылымның көкжиегін кеңейтті.

Оның ұстазы, механизмдер мен машиналар теориясының әлемге әйгілі өкілі, академик Иван Артоболовский Ө.Жолдасбековтің жоғары деңгейдегі механизмдер теориясын дамытуға қосқан үлесін және әлемдік тәжірибеде баламасы жоқ жаңа механизмдер мен манипуляциялық құрылымдар жасағанын жоғары бағалады. Бұл еңбектер авторлық куәліктермен қорғалып, шетелдерде патенттелді. 1977 жылы Алматыда машиналар мен механизмдер теориясы жөніндегі Бүкілодақтық бірінші съездің өтуі Қазақстан ғылымының халықаралық деңгейде мойындалуының жарқын көрінісі болды.

Академик В.Гусевтің бағалауына, Жолдасбеков тек Қазақстан мен Ресейде ғана емес, Азия мен Еуропада танылған ғалым әрі инженер, халықаралық инженерлік қозғалыстың көрнекті ұйымдастырушысы болды. Ол АҚШ, Германия, Англия, Франция, Қытай, Жапония және басқа да елдер қолдау білдірген Халықаралық инженерлік академияны құрушылардың бірі ретінде жандық ғылыми кеңістікте беделге ие болды. Оның еңбектерін А.Ишлинский, Н.Бруевич, Б.Патон, Ю.Работнов сынды ірі ғалымдар мойындады.

Ең бастысы, ғалым ғылымды тек академиялық ізденіс деңгейінде емес, елдің индустриялық қуатын арттыратын, экономикалық дербестігін қамтамасыз ететін стратегиялық күш ретінде қарастырды. Механика-машина жасау саласын дамыту арқылы ол технологиялық тәуел-

сіздік пен ұлттық қауіпсіздіктің берік іргетасын қалау қажеттігін ерте түсінді.

Төл инженерлік мектеп қалыптастыра алған ел ғана технологиялық тәуелділікті еңсеріп, отандық өндірісті күшейтіп, импортты алмастыру саясатын жүйелі түрде жүзеге асыра алады. Мұндай жағдайда ғылым, білім және өндіріс арасындағы сабақтастық экономиканың жаңа сапалық деңгейге көтерілуіне негіз болады. Инженерлік кадрлардың кәсіби деңгейі елдің индустриялық келбетін айқындайды.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев белгілеп отырған цифрлық технологиялар мен жасанды интеллектті дамытуға бағытталған стратегиялық бағдар да дәл осы берік инженерлік іргетасқа сүйенеді. Цифрлық трансформация – тек ақпараттық жүйелерді енгізу емес, ол өндірісті автоматтандыру, интеллектуалды модельдеу, жоғары дәлдікті есептеулер мен заманауи инженерлік шешімдерді өмірге әкелу үдерісі. Ал мұның барлығы терең ғылыми база мен қуатты техникалық білімге негізделеді. Осы тұрғыдан алғанда, механика мен машина жасау саласын дамыту Қазақстанның ұзақмерзімді экономикалық тұрақтылығы мен технологиялық егемендігін қамтамасыз ететін стратегиялық міндет еді. Университеттік ғылым мен инженерлік білім бұл бағытта мемлекет дамуының сенімді тірегіне айналуға тиіс.

Бүгінде осы ұстанымдар әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті дамуының басым бағыттарымен сабақтасып жатыр. Университет инженерлік және цифрлық ғылымдарды жүйелі түрде дамыта отырып, жаңа индустриялық және технологиялық кезеңге қадам басуда. Қолданбалы математика, ірі мәліметтерді талдау, климаттық модельдеу, инженерлік зерттеулер бағытында

кешенді жобалар жүзеге асырылуда. Университеттің суперкомпьютері білім беру мен ғылымға енгізіліп, күрделі есептеулер мен модельдеулерді орындауға, тілдік модельдер әзірлеуге, генетикалық деректерді өңдеуге және инженерлік шешімдер қабылдауға мүмкіндік беріп отыр.

Farabi Hub инновациялық-технологиялық хабы, Farabi Robotics орталығы, Халықаралық цифрлық технологиялар және робототехника институты, Farabi Chem Science кластері, 3 Tesla MPT аппаратымен жабдықталған Ми институты және ұшқышсыз жүйелер мен жасанды интеллектті дамытуға бағытталған зерттеу алаңдары – барлығы университеттік ғылымның жаңа сапалық деңгейге көтерілгенін айғақтайды. Бұл бастамалардың түп-тамырында механика мен математикалық модельдеуге негізделген инженерлік ойлау жатыр. Ал инженерлік ойлау мәдениетінің берік іргетасын қалаған тұлғалардың бірі тағы да Өмірбек Жолдасбеков.

Ғалымның тағы бір тарихи еңбегі – білікті инженер кадрларын даярлау жүйесін қалыптастыруы. Ол инженерлік білімді ұлттық зияткерлік капиталдың өзегі ретінде бағалады. Осы бағыттағы қызметінің нәтижесінде Қазақстан Инженерлік академиясы құрылып, сондай-ақ Механика және математика институтының ғылыми бағыты айқындалды. Бұл құрылымдар ғылым мен өндіріс арасындағы байланысты нығайтып, қолданбалы зерттеулердің экономика сұранысына жауап беруіне жол ашты.

Бүгінгі цифрлық технологиялар мен жасанды интеллект дәуірінде университеттік ғылымды дамыту – уақыт талабы. Осы тұрғыдан алғанда, Өмірбек Арысланұлы қалыптастырған ғылыми мектеп тарихи мұра ғана емес, қазіргі стратегия-

лық дамуымыздың әдіснамалық негізі. ҚазҰУ-дың инженерлік, робототехникалық және цифрлық жобалары – сол іргелі дәстүрдің заңды жалғасы.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің қалашығы – академик Өмірбек Жолдасбековтің көреген басшылығының көркем қолтаңбасы. Өмірбек Арысланұлының есімі университеттің тарихи дамуы және ғылыми шежіресімен тығыз байланыста.

Қазақ елінің басты білім ордасын басқарған жылдары университет тарихындағы айрықша кезең болды. Ол ректорлық қызметінде жоғары оқу ордасының мазмұндық әрі кадрлық келбетін түбегейлі жаңғыртып, қазақ студенттері мен оқытушыларының үлес салмағын 90 пайызға дейін

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев университетке арнайы келіп, қызметімен танысты. Президентіміз ҚазҰУ қалашығы құрылысының ІІ кезеңінің Бас жоспарына қолдау көрсетіп, бекіткен болатын. Қазіргі уақытта осы жоспар аясында қалашықта қарқынды құрылыс жұмыстары жүріп жатыр. Оқу корпустары мен жатақханалар салынуда. Стадион толық жаңартудан өтті, спорт кешені мен Өмірбек Жолдасбеков атындағы Студенттер сарайы қайта жаңартылуда. Сонымен қатар қолданыстағы жатақханалар, оқу корпустары және әкімшілік ғимараттар күрделі жөндеуден өтіп, студенттердің білім алу және тұрмыс сапасын арттыру бағытындағы жұмыстар тұрақты жүргізілуде. Бұл – университеттің стратегиялық миссиясын жүзеге асырудағы үздіксіз жұмысымыздың айқын көрсеткіші.

Өмірбек Жолдасбеков шәкірттері – өткен мен болашақ арасын жалғастырушы буын. Ол ондаған ғылым докторлары мен кандидаттарын дайындап, ұлттық ғылыми элитаның қалыптасуына ықпал етті. Бүгінде олардың еңбегі жоғары оқу орындары, ғылыми-зерттеу институттары және өндіріс салаларында жалғасуда. Жолдасбеков мектебі тек ғылыми бағыт емес, адалдыққа, жауапкершілікке және елге қызмет етуге негізделген ұстанымдар жүйесі болып, шәкірттер ғылымды қоғам игілігіне қызмет ететін құндылық ретінде қабылдады.

XXI ғасыр цифрлық технологиялар және жасанды интеллект дәуірі болып, инженерлік ойлау, математикалық модельдеу, робототехника және автоматтандыру салалары стратегиялық маңызды салаға айналды. Осындай жағдайда Өмірбек Жолдасбековтің ғылымға және инженерлік білімге берген басымдықтары уақыт сынағынан сүрінбей өтті. Университеттің робототехника, автоматтандырылған жүйелер, смарт-өндірістерді дамыту бағытындағы жобалары, заманауи зертханалары мен суперкомпьютерлік инфрақұрылымы елдің индустриялық және ғылыми әлеуетін арттыруға елеулі үлес қосуда.

Академиктің 95 жылдық мерейтойы – өткенге тағзым ғана емес, болашаққа бағдар. Оның қалыптастырған ғылыми мектебі, институттары және қалашық құрылысы – барлығы ел игілігі үшін жасалған ерен еңбек. Университеттің бүгінгі келбеті, дамыған инфрақұрылымы, инновациялық орталықтары мен зертханалары Жолдасбеков аманатының жалғасы болып, жаңа буынға үлгі болып отыр. XXI ғасырдың цифрлық технологиялар мен жасанды интеллект дәуірінде біз, оның ізбасарлары ғылыми мұрасын ұрпаққа жеткізіп, білім мен ғылымды мемлекеттің стратегиялық құндылығы ретінде ұлықтауға міндеттіміз. Академиктің өмір жолы – табандылықтың, білімге адалдықтың және ұлттық мүддеге қызмет етудің символы әрі ҚазҰУ дамуының мәңгілік бағдарын айқындайтын үлгі болып қала бермек.

жеткізді. Факультет декандарының басым бөлігін жергілікті ұлт өкілдерінен тағайындау арқылы университетті шынайы ұлттық деңгейге көтерді. Бұл тек кадрлық саясат емес, елдің зияткерлік әлеуетін нығайтуға бағытталған стратегиялық қадам еді.

Ректорлық қызмет кезінде ол білім ордасының материалдық-техникалық базасын нығайтуға, ғылыми әлеуетін арттыруға және халықаралық байланыстарын кеңейтуге бар күшін жұмсады. ҚазҰУ қалашығының салынуы – оның жүйелі жоспарлау, алға ойлау және ғылыми-инновациялық дамуға деген саналы ұмтылысының нақты нәтижесі болды. Жаңа кампус пайдалануға берілгеннен кейін университет жана сапалық деңгейге көтеріліп, заманауи аудиториялар, кешенді зертханалар, студенттік жатақханалар мен спорт инфрақұрылымы білім беру процесінің барлық құрамдастарын жетілдіруге мүмкіндік берді. Механика-математика және инженерлік бағыттағы зертханалардың дамуы университеттің ғылыми әлеуетін күшейтіп, жас ғалымдар мен инженерлерді даярлаудың сапасын айтарлықтай арттырды.

Қалашық архитектуралық тұрғыдан да ерекшеленіп, Алматының ғылыми және мәдени орталығы ретінде қалыптасты. Мегаполис ортасында бой көтерген заманауи кампус мыңдаған студентке сапалы білім мен ғылымға жол ашатын қасиетті мекенге айналды. Академиктің бастамасымен жасалған қалашық – мемлекеттің ел болашағына арналған ұзақмерзімді инвестициясы іспеттес.

Бүгінде университет кампусында заманауи студенттік өмір, ғылыми-зерттеу инфрақұрылымы және инновациялық жобалар интеграцияланып, білім беру мен ғылымның тығыз байланысын көрсетеді. 2022 жылғы 1 маусымда

1 НАУРЫЗ – АЛҒЫС АЙТУ КҮНІ

28 АҚПАН 2026 | СЕНБІ

Алғыс айту күні – тағылымы терең, тағзымы бөлек мереке. Бұл күн – сан түрлі ұлт пен ұлысты бір шаңырақ астына ұйыстырған егеменді еліміздің мейірі мен кеңпейілдігінің көрінісі. Тағдыр тәлкегімен қазақ жеріне қоныс аударған мыңдаған жанға құшағын ашып, аялы алақанның жылуын сездірген қазақ халқының адамгершілік болмысы да дәл осы күні ерекше аталады. Осы орайда 1 наурыз – Алғыс айту күні қарсаңында Жамбыл облысында тату-тәтті ғұмыр кешіп жатқан өзге ұлт өкілдерінің жүрекжарды лебіздерін білгенді жөн көрдік.



МЕЙІРІМ СИМВОЛЫ

– Бұл күн – ең алдымен, тағдыр тоғыстырған барша этнос өкілдерінің бір-біріне, қазақ халқына және кеңпейіл қазақ жеріне деген ризашылығын білдіретін, татулық пен бірлікті дәріптейтін маңызды мереке.

1995 жылдың 1 наурызында Қазақстан халқы Ассамблеясы құрылған болатын. Осы тарихи күннің негізінде 2016 жылдан бастап Алғыс айту күні ресми түрде аталып келеді. Бұл мереке – еліміздегі қоғамдық келісім мен жалпыұлттық бірліктің жарқын көрінісі.

Бүгінде Жамбыл облыстық Қазақстан халқы Ассамблеясы өңірдегі этносаралық татулықты нығайтуда маңызды рөл атқарып келеді. Ассамблея жанындағы этномәдени бірлестіктер, ақсақалдар кеңесі, аналар кеңесі және жастар ұйымдары бірлік



пен өзара құрметті насихаттауға бағытталған көптеген игі шараны жүзеге асыруда.

Сонымен қатар «Қоғамдық келісім» КММ этносаралық қарым-қатынасты дамыту және ілгерілету бағытында жүйелі жұмыстар жүргізіп келеді. Мекеменің ұйытқы болуымен түрлі «дөңгелек үстел» отырыстары, қайырымдылық акциялары,

кездесулер мен мәдени шаралар ұйымдастырылып, өңір тұрғындары арасындағы өзара сыйластық пен түсіністік нығая түсуде.

Алғыс айту күні – өткенге тағзым етіп, бүгінге шүкіршілік айтып, болашаққа сеніммен қарауға үндейтін мереке. Бұл күн – бірлік пен келісімнің, мейірім мен жанашырлықтың символы.

Баршаңызды 1 наурыз – Алғыс айту күнімен шын жүректен құттықтаймын! Әр шаңыраққа амандық, береке-бірлік, татулық пен тұрақтылық тілеймін. Еліміздің ынтымағы нығайып, бейбітшілігіміз мәңгі болсын!

Абзалбек МЕНДІБАЕВ,
«Манас ата» қырғыз этномәдени бірлестігінің төрағасы

ІЗГІЛІК пен ЖАНАШЫРЛЫҚ МЕРЕКЕСІ

– Алғыс айту күні – жай ғана алғыс білдіру емес, тарихи жадыны жаңғырту, қиын кезеңдерде бір-біріне сүйеу болған халықтардың өзара құрметін дәріптеу, ел бірлігінің қадірін бағалау күні. Өткен ғасырдың күрделі кезеңдерінде Қазақстан жеріне депортацияланған миллиондаған адамды бауырына басқан қазақ халқының кеңпейілдігі – бүгінгі қоғамдық келісімнің іргетасы.

Жамбыл облыстық Қазақстан халқы Ассамблеясы осы құндылықтарды өңірлік деңгейде жүйелі түрде іске асырып келеді. Ассамблея аймақтағы этносаралық татулықты нығайту, мәдени аралуандықты сақтау, азаматтық бірегейлікті қалыптастыру бағытында ауқымды жұмыстар жүргізуде. Ғылыми-сарапшылық сүйемелдеу, жастар бастамаларын қолдау, қайырымдылық және қоғамдық диалог алаңдарын дамыту – бұл ұйым қызметінің маңызды бағыттары.

Ал «Қоғамдық келісім» КММ этносаралық саясатты іске асырудың практикалық тетігі ретінде өңірде нақты жобалар мен іс-шараларды үйлестіреді. Мекеме этномәдени бірлестіктердің жұмысын жүйелеп, медиативтік қызметті дамытып, ақпа-



раттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізу арқылы тұрақтылық пен өзара сенім мәдениетін қалыптастыруға үлес қосуда. Бұл – мемлекеттің бейбітшілік пен келісім саясатының нақты көрінісі.

Осы айтулы мерекемен баршаңызды шын жүректен құттықтаймын! Елімізде ынтымақ пен тұрақтылық салтанат құрып, қоғамдық келісім мен жалпыұлттық бірлік нығая берсін! Әр отбасыға амандық, береке, өзара түсіністік пен мол игілік тілеймін!

Фарида НАҚЫШ,
«Қазақстандық татар және башқұрт конгресі» республикалық қоғамдық бірлестігі Жамбыл облысы бойынша филиалының төрағасы

БІР ҮЗІМ НАННАН БАСТАЛҒАН БАУЫРЛАСТЫҚ

– Бұл күн ХХ ғасырдың ауыр кезеңдерінде Қазақстанға күштеп қоныс аударылған түрлі этнос өкілдерінің тағдырымен тығыз байланысты. Сол бір қиын-қыстау заманда қазақ халқы жатсынбай, бауырына басып, барымен бөлісіп, адамгершілік пен кеңпейілдіктің үлгісін көрсетті. Қиындықты бірге енсеру халықтар арасындағы сенім мен сыйластықтың негізін қалады. Бір үзім наннан басталған бауырластық бүгінде ұрпақтар сабақтастығымен жалғасып келеді.

Алғыс айту күні – сол жанашырлыққа тағзым ету, өткеннің



сабағын ұмытпай, бейбіт өмірдің қадірін білу күні. Бұл мереке қоғамдағы өзара құрметті, татулық пен ынтымақты нығайтуды көздейді. Алғыс айту тек

тарихи ризашылық емес, ол – бүгінгі күнге, тәуелсіз елдегі тұрақтылық пен келісімге шүкіршілік білдіру.

Баршаңызды көктемнің алғашқы күнімен келетін 1 наурыз – Алғыс айту күнімен шын жүректен құттықтаймын! Әр отбасыға амандық, бақ-береке, бірлік пен өзара түсіністік тілеймін. Елімізде әрдайым бейбітшілік пен келісім салтанат құрып, ынтымағымыз арта берсін!

Зайнуддин МАХУСЕЕВ,
республикалық дүнген этномәдени бірлестігінің төрағасы



Бетті дайындаған Саятхан САТЫЛҒАН

1 НАУРЫЗ – АЛҒЫС АЙТУ КҮНІ

28 АҚПАН 2026 | СЕНБИ

БІРЛІК ПЕН ТАТУЛЫҚТЫҢ ТҰТҚАСЫ

Елімізде Алғыс айту күні – Қазақстан халқының бір-біріне деген шексіз құрметі мен алғаусыз алғысын арнайтын ерекше сипатқа ие. Ең алғаш 2016 жылы мереке ретінде бекітілген бұл күн Қазақстан халқы Ассамблеясы құрылған күнмен сәйкес келеді. Соған орай осы күні еліміздегі түрлі этнос өкілдері де бір-біріне зор құрмет танытып, қазақ халқына ризашылық сезімдері білдіріп жатады.

А **Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ,**
Қызылорда облысы

Тарих парактарында сол бір зұлмат кезеңде Қазақстанға жер аударылып келген көптеген ұлт өкілдеріне қазақ топырағы құтты мекенге айналғаны белгілі. Жабьраулы жандарға жебеу болып, мұнайған көңілге мейірім ұшқының себелеген қазақ халқының ыстық құшағы татулық пен бірліктің берік іргесін қалауға негіз болды.

Бүгінде Сыр өңірінде 30-дан астам этнос өкілі бір шаңырақ астында тату-тәтті өмір сүріп, ел бірлігінің берік үлгісін қалыптастырып келеді. Бұл тұрғыда Қызылорда облыстық Қазақстан халқы Ассамблеясының рөлі айрықша. Жыл сайын түрлі этнос өкілдерінің мәдениеті мен салт-дәстүрін сақтау, дамыту және насихаттау бағытында жүйелі жұмыстар жүргізілуде. Бұл бағытта өңірде жұмыс істейтін 11 этномәдени бірлестіктің белсенділігі жоғары. Осы арқылы бірлестіктер өздерінің ұлттық мәдениетін дәріптеп қана қоймай, қоғамдағы достық пен ынтымақты арттыруға зор үлес қосуда.

Негізінен, өңірде этномәдени бірлестіктердің бастамасымен жыл сайын түрлі мәдени-көпшілік іс-шаралар, фестивалдер, дөңгелек үстелдер мен кездесулер ұйымдастырылады. Мұндай шаралар этностар арасындағы рухани байланысты нығайтып, жастарды толеранттылыққа, патриотизмге және ортақ құндылықтарды құрметтеуге тәрбиелейді. Сонымен қатар мемлекеттік тілдің мәртебесін арттыру, қоғамдық келісім мәдениетін қалыптастыру бағытындағы жұмыстар да жүйесін тапқан.

Қызылорда облыстық Қазақстан халқы Ассамблеясы тек мәдени іс-шаралармен шектелмей, қайырымдылық, әлеуметтік және қоғамдық бастамаларға белсенді қатысып жүргенін де айта кеткен абзал. Мұны өңірдегі бейбітшілік пен тұрақтылықты сақтауға бағытталған маңызды қадамдардың бірі ретінде бағалауға болады.

Осы орайда ізгіліктің ізін жалғап жүрген облыстық түрік этномәдени орталығының жетекшісі Гүльчин Әнсерқызының өмір жолы өзгеше өрнекке толы.

Қызылорда өңірінде татулық пен бірліктің туын көтеріп жүрген Гүльчин ханым көпшілікке мейірімді мінезі мен парасатты болмысымен жақсы таныс. Әрдайым жүзі жылы, жан-жағына ізгілік нұрын шашып жүретін жанның ел

бірлігі жолындағы еңбегі көпке үлгі.

Таркатып айтар болсақ, бүгінгі кейіпкеріміз 2004 жылдан бері облыстағы түрік этномәдени орталығын басқарып келеді. Бұл жауапкершілігі мол қызметті небәрі 30 жасында өз бақылауына алып, содан бері абыроймен атқарып жүр. Әрдайым қоғамдық келісімді нығайту, этносаралық татулықты сақтау бағытында атқарған еседі еңбегі ел назарынан тыс емес. Қай істе де белсенділігі өз алдына бір төбе.

Гүльчиннің өнегелі өмір жолы – тұтас бір тарихи кезеңмен сабақтасып жатыр. Бұл жайында өзі бізге былайша баяндап берді.



Қазақ халқының кеңпейілдігі мен бауырмалдығының жарқын тұстарын кейіпкеріміз мәңгі жадынан шығарған емес. Әсіресе, қиын-қыстау кезеңде өзге ұлт өкілдеріне қол ұшын созған халықтың адамгершілік қасиеті талай тағдырдың ертеңгі күнге деген үмітіне серпін бергенін айтудан шаршамайды.

«1944 жылы ата-әжелерім Қазақстанға депортацияланған кезде, әкем небәрі екі жаста болған екен. Қараша айының суығы кара табаннан өтіп, тұрмыстың жоқтығы халыққа ауыр тиген кезең болыпты. Сол кезде ауыл тұрғындары тағдырдың қиын кезеңіне тап болған жандарға барымен бөлісіп, көмек қолын созған. Тіпті, жоқшылық қолға тұсау болған жұтаң заманда аяғына аяқкиімнің орнына мал терісін орап, жан бағуға мәжбүр болған қиын кездер еске түссе жан түршігеді. Сондай кездерде қазақтар адамгершіліктің озық үлгісін көрсетіп, мұқтаж жандарды үйле-



рине бөліп кіргізген. Қолда бар екі сиырының бірін бөліп берген. Әрқайсысы жеке отау құрғанша, қамқорлықтарын аянып қалмапты. Бұл – алақандай ауылдағы ағайынның жомарт жүрегі мен ұйымшылдығының арқасы, мейірім ұшқының бір көрінісі еді, – деп еске алады Гүльчин Әнсерқызы.

Гүльчин жолдасы екеуі екі ұлт тәрбиелеп, ел қатарына қосты. Атұстарлары білім көкжиегінде қалықтап, саналы да, саламатты азамат болып ержетті. Мектеп қабырғасын үздік бітіріп, өмірде өз жолдарын қалыптастыруға қанат қақты. Ел дамуына елеулі үлес қосу жолында білімнің кәусар бұлағына шомылған қос өрениң қазақ тілінен деген құрметі де ерекше. Әрдайым қазақ тілінде өткен түрлі байқаулардың жүлдегері атанып жүрді.

«Қазақ топырағында кіндік қаны тамған қос ұлымыз еңсесін тіктеп, ел ертеңіне бейжай қармайтын елжанды азамат болып қалыптасты. Әрқашан өз ұлты, ата-тегі мен салт-дәстүрімен қатар, қаймағы бұзылмаған қазақтық қалыпты санасына сіңіріп өсті. Қазақ халқына деген құрметті бәрінен жоғары қояды. Қызығы сол, кіші ұлым бала кезінде «мен қазақтың ба, әлде түріктің бе?» деп сұрайтын. Өйткені қазақты ортада өсіп, тілін, салт-дәстүрін меңгеруі кіршіксіз бала көңіліне ұлтқа деген сүйіспеншілік сезімін оятса керек. Соның нәтижесінен болар, кішкентайынан орыс мектебінде білім алса да, қазақтың аңыз әңгімелері мен мақал-мәтелдеріне деген қызығушылығы асқак болды. Бәрін жатқа айтады. «Өзге тілдің бәрін біл, өз тілінді құрметте» деген тәмсілді қаперге ұстап, үйімізде түрік тілінде сөйлесеміз. Алайда қазақтың да, түріктің де дәстүрін қатар ұстанамыз, – деп ағынан жарылды.

Ресми мәліметке сәйкес, бүгінде Қызылорда облысында 1 200-ден астам түрік ұлтының өкілі өмір сүреді. Әрқашан бірлік пен татулықтың берік үлгісін көрсетіп жүрген түркі бауырлардың кіршіксіз пейілі мен адамгершілік ұстанымы көпке үлгі. Әсіресе, этномәдени бірлестік олардың мәдениетін сақтап қана қоймай, өңірдегі қоғамдық келісім мен рухани бірлікті нығайтуға да үлес қосып келеді.

Өз кезегінде Гүльчин Әнсерқызы елдің ең үлкен байлығы татулық пен бірліктің берік өлшемімен бағаланатынын жеткізді. Өзгені өзегінен теппей, өз бауырындай құшағын жаятын қазақ

халқының кең пейіліне алғаусыз алғысын білдірді.

«Қазақ халқының ұлы қасиеті – ынтымақ пен өзара сыйластықты қатар ұстанатын ұлық мінезімен сабақтасып жатса керек. Соның үлгісіндей, тәуелсіздік жылдарында халқымыз бірліктің берік екенін көрсетті. Небір қиын кездерде бір-біріне қолдау көрсетіп, елдігіміздің іргесін сөкпей, тұтастығымызды сақтай білдік. Ата-әжелеріміз қазақтардың жасаған жақсылығын өмір бойы айтып, алғыс білдіріп өтті. Бізді де әрдайым бірлігіміз бекем болып, егемендігіміз еңселі, тәуелсіздігіміз тұғырлы болсын деген тілектеміз. Әрбір мамыражай күнімізге айтар алғысымыз асқак. Әр әулеттің дәулеті тасып, ел бірлігінің іргесі сөгілмесін», – дейді ол.

Жалпы, бірлік пен келісім – тәуелсіз еліміздің басты құндылығы саналады. Бұл ретте ұлттық құндылықтарды нығайту жолында Қызылорда облыстық Қазақстан халқы Ассамблеясының атқарып жүрген жұмысы аз емес. Яғни, қоғамдық татулықтың темірқазығы ретінде өз миссиясын абыроймен атқарып келеді. Алдағы уақытта да жарасымды жолдан жаңылмай, этносаралық достықты дәріптеу жолында ортақ мақсатта жұдырықтай жұмылуды басты мақсат тұтады.

Бұл тұрғыда Гүльчин Гейдарова басқаратын этномәдени орталық өңірдегі ұлттар достығын нығайтып, ортақ құндылықтарды дәріптеуде маңызды рөл атқарып жүр. Осындай ізгі жандардың еңбегі арқылы қоғамда келісім мен бірлік нығайтып келеді.

Қай кезде де алғыс айту – ізгілік пен ілтипаттың белгісі саналады. Әрбір адамды жылы сөз бен шынайы ықылас қана қанаттандырып, өзара сенім мен мейірім ұшқының тұтататыны аян. Сондықтан бұл күн тек мереке ғана емес, татулық пен бірліктің, сыйластық пен ризашылықтың үлгісі ретінде әр адамның жүрегіндегі ізгілік сезімін оятатын маңызды күн ретінде жоғары мәнін жоғалтпақ емес. Бүгінгі кейіпкеріміздің ыстық ықыласынан осыны аңғардық.

СЕРПІН

28 АҚПАН 2026 | СЕНБІ

ҰЛТТЫҚ ҚОРДАН ҮЛЕС – ҰРПАҚ НЕСІБЕСІ

«Ұлттық қор – балаларға» бағдарламасы – Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың Әділетті Қазақстанды құру жолындағы маңызды қадамдарының бірі. Жоба ұлттық байлықтың игілігін бүгінгі баланың ертеңгі арманына айналдыруға мүмкіндік беріп, оның білім мен баспанаға бастар бастапқы капиталының іргесін қалайды. Бағдарлама әлеуметтік әділдіктің шынайы көрінісі ретінде жас ұрпақтың еңсесін тіктеп, болашаққа сенімін бекемдейді. Ал жаңа Конституция жобасында балалар құқығының айрықша айқындалуы осы бастаманың рухымен үндесіп, мемлекет қамқорлығы мен ұрпақ аманатын бір арнаға тоғыстырады.

А Айхан ШӘРІП

АТА ЗАҢ – БАЛАЛЫҚ ШАҚТЫҢ ҚОРҒАНЫ

Жаңа Конституция жобасында балалардың құқықтарын қорғау мен мемлекет қамқорлығын күшейтудің көзделуі де бағдарламаның идеясымен үндеседі. Осы арқылы ұлттық ресурстардан түскен табыс заңдық кепілдіктермен ұштасып, Қазақстанның тұрақты дамуы мен ұрпақ болашағына қызмет етеді. Бұл тек қаржылық көмек емес, ел байлығының иесі – халық, ал сол халықтың ертеңі – бүгінгі бүлдіршін екенін айғақтайтын тарихи шешім. Қазақ пайымында «Бала – көңілдің гүлі, көздің нұры». Алайда сол нұрды сөндірмей, гүлді солдырмай өсіру – тек атаның емес, мемлекеттің де мейрілі міндеті.

2026 жылдың 15 наурызында өтетін жалпыұлттық референдум – еліміздің саяси келбетін ғана емес, әлеуметтік жауапкершілігін де айқындай түспек. Жаңа Конституция жобасының 30-бабында бала тағдыры мемлекеттік деңгейде шегеленген. Мұндағы үш таған – мемлекеттік қорғау, ата-аналық міндет және ұрпақтар сабақтастығы – қоғамымыздың рухани әрі құқықтық темірқазығы іспетті.

Жаңа Конституция жобасында өскелең ұрпаққа ерекше назар аударылған. Жас буын тікелей Ата Заңның қорғауына алынады. Атап айтқанда, оның 30-бабында, біріншіден, «әрбір баланың мемлекет қорғауында болатыны» нақты жазылған. Екіншіден, «Балаға қамқорлық жасау және оны тәрбиелеу – ата-ананың етене құқығы әрі міндеті» деп көрсетілген. Үшіншіден, «Кәмелетке толған, еңбекке қабілетті балалар еңбекке жарамсыз ата-анасына қамқорлық жасауға міндетті», – деп ұрпаққа жауапкершілік жүктелген.



Әсет БАЙТАҚЫЗЫ (қаламж)

Осы орайда Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен жүзеге асырылып жатқан «Ұлттық қор – балаларға» бағдарламасы аясында жыл сайын кәмелетке толмаған әрбір қазақстандықтың шотына қаражат аударылады. Нысаналы жинақтарды пайдалану 18 жасқа толғаннан кейін тек 2 бағыт бойынша жүзеге асырылады: тұрғын үй жағдайын жақсарту немесе Қазақстандағы және шетелдегі білім беру ұйымдарында оқу ақысын төлеу. Қаражатты толық немесе ішінара пайдалану мүмкіндігі бар. Пайдаланылмаған қалдық нысаналы жинақ шотында сақталады. Шағын жинағын пайдаланып үлгергенін қатарында елорда тұрғыны Назерке Қапанова да бар.

Оның айтуынша, президенттік бағдарлама зор әлеуетке ие әрі жастарға нақты қолдау көрсетеді. Назерке 2025 жылы қазақстандық университеттің біріне гранпен тегін оқуға түсті. Алайда ол осы оқуын бітірген соң «Болашақ» бағдарламасы арқылы Франциядағы Sorbonne University ғылым ордасына түсуге ниетті, себебі бала кезінен француз тілін жанына жақын тартып, жақсы меңгерген.

– Оныншы сыныпта оқып жүргенімде француз университеттеріне өтініш жолдап, екеуінен шақырту да алдым. Бірақ олар грант ұсынғанмен, студенттерге жатақхана бермейді екен, ал Парижде және оның маңайында пәтер жалдау өте қымбат. «Болашақпен» түскім келеді. Ол кепілге пәтер талап ететіндіктен, ата-анам Отбасы банк арқылы маған пәтер сатып алып берді. «Ұлттық қор – балаларға» бағдарламасы бойынша БЖЗҚ-дан түскен 260 доллар соның құрамына қосылды. Бағдарлама – замандастарым үшін үлкен мүмкіндік. Мемлекет берген азғантай үлес үлкен мақсаттарға бастау бола алады, – дейді бойжеткен.

САНДАР СӨЙЛЕЙДІ

Назерке сияқты балалар қазірдің өзінде жүз мыңдап саналады. Қаражат бала 18 жасқа толғанға дейін жинақталып, кейін тұрғын үй жағдайын жақсартуға немесе білім алуға жұмсалатыны айтылды. БЖЗҚ мәліметі бойынша, осы

мақсаттарға 200 мыңнан астам өтініш берілген. 2026 жылғы қаңтардағы жағдайда нысаналы жинақтарды пайдалану жөніндегі 205 505 өтініш орындалды. Аударылған қаражаттың жалпы көлемі 31,61 млн доллардан асты. Оның ішінде 127 445 өтініш иесі 19,69 млн долларды – тұрғын үй жағдайын жақсартуға, 78 060 өтініш иесі 11,92 млн долларды – білім алуға бағыттаған.

Биылтағы 356 613 қазақстандық 18 жасқа толып, өз нысаналы жинақтарын пайдалану құқығына ие болады. Ескерер жайт, 18 жасқа толған азаматтар өз деректеріне БЖЗҚ мен eGov сервистері арқылы ата-анасына қарайламай, дербес қол жеткізе алады. 2026 жылғы қаңтарда 6 918 656 қазақстандық балаға кезекті есептеу жүргізіліп, әрқайсысына 130,71 доллар қаражат аударылған. Осының арқасында бағдарламаға үшінші жыл қатарынан қатысып отырған баланың жинағы инвестициялық табысты қоса есептегенде 370 доллар 56 центті құрады.

18 жасқа дейінгі балаларға Ұлттық қордан қаражат жыл сайын олардың Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорында (БЖЗҚ) ашылған шоттарына «нысаналы талаптар» түрінде аударылады. Бұл ретте заңнамаға сәйкес, балаларға есептелген қаражат Ұлттық қор активтерінің құрамында қалып, әрі қарай инвестициялануын жалғастырады. Инвестициялау нәтижесінде әр баланың нысаналы талаптарының сомасы жыл сайын инвестициялық есебінен қосымша өсіп отырады.

БЖЗҚ мамандарының түсіндіруінше, бағдарламаға үшінші жыл қатысып отырған балалардың жинағына соңғы 2 жылда 9,95 доллар қосымша инвестициялық табыс есептелді. Ал тек екі жыл қатысып, алып қойғандарға өткен жылғы қосымша табыс 3,84 доллар болды.

Нәтижесінде, бағдарламаға қатысатын баланың барлық жинақталған нысаналы талабының сомасы (жыл сайынғы инвестициялық табыс қоса алғанда): бірінші жылы 130 доллар 71 центті құрады; екінші жылы 263 доллар 93 цент жинақталды; үшінші жылы жинақ көлемі 370 доллар 56 центке жетті. Соның

ішінде инвестициялық қоспағанда, 2024 жылы әр балаға 100,52 доллар, 2025 жылы – 129,38 доллар, ал 2026 жылы 130,71 доллар бірреттік аударым жасалды. Бағдарлама іске қосылғалы Ұлттық қордан барлық балаға есептелген қаражаттың жалпы көлемі шамамен 2,5 млрд долларды құрапты.

«Ұлттық қор – балаларға» бастамасын Президент Қасым-Жомарт Тоқаев алғаш рет 2022 жылғы 1 қыркүйектегі Жолдауында жариялаған болатын. Оның негізінде елдің ұлттық байлығы әрбір азаматқа бала кезінен бастап тікелей әрі нақты пайда әкелуге тиіс, табиғи ресурстарды пайдаланудан түсетін табыс атаулы әрі тең бөлінуі қажет деген қағидат жатыр.

Бастаманы практикалық іске асыру 2024 жылғы 1 қаңтарда басталды. Алғашқы кезеңде 2006 жылдан 2023 жылға дейін туған барлық бала қатысушы атанды. Бағдарлама іске қосылған сәтте 6 919 131 бала қамтылды. 2024 жылы олардың 304 815-і жинақталған қаражатты пайдалану жасына жетті. Есептеулер тең жағдайда жүргізіледі және өңірге, отбасының табыс деңгейіне немесе ата-анасының әлеуметтік мәртебесіне тәуелді емес.

БЖЗҚ мәліметінше, 2023 жылдан кейін туған Қазақстан азаматтары енді бағдарламаға автоматты түрде қатысушы болып тіркеледі. Ата-аналар немесе заңды өкілдер есептелген сомаларды eGov mobile қосымшасы, kids.enpf.kz сайты және банктік сервистер арқылы көре алады.

ДЕПОЗИТ – ТИІМДІ ТАҢДАУ

Азаматтарға Ұлттық қордағы жинақтарын Отбасы банкідегі депозитке аударуына болады. Отбасы банкінің мәліметінше, 18 жасқа толған жастардың көбі қаражатты бірден жаратпай, депозит ретінде сақтауды жөн көреді екен. Мұның қисыны қарапайым: тіпті, аз көлемдегі қаражаттың өзі салымшыға табыс әкеледі. Оған банк тарапынан 2% сыйақы және мемлекет тарапынан 20% сыйлықақы (200 АЕК-тен аспайтын сомаға) есептеледі. Депозит бойынша жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесі

мемлекеттік сыйлықақыны ескере отырып 14%-ға дейін жетеді. Депозиттің болуы жас салымшыға тұрғын үйді аз шығынмен, арзандау ипотекаға сатып алуға мүмкіндік береді. Жинақ шотын тұрақты түрде толықтырған жағдайда 3,5%-дан 8,5%-ға дейінгі жылдық мөлшерлеменен заем алуға кепілдік беріледі. Бұдан бөлек, бастапқы жарнасы мен сыйақы мөлшерлемесі төмендетілген банктің бағдарламаларына, «Наурыз» бағдарламасына қатыса алады.

Отбасы банкідегі жинақ қаражат 10 жыл бойы пайдаланылмаса, ол автоматты түрде жас азаматтың зейнетақы шотына аударылады. Демек, ұлттық байлықтан түскен үлес ешқайда жоғалмайды, ол – иесін табатын аманат әрі болашақ зейнетақы. Сонымен қатар қаражатты ипотека арқылы пәтер сатып алғанда бастапқы жарна ретінде қосуға немесе тұрғын үйді толық сатып алу кезінде есепке алуға болады. Білім беру бағыты бойынша қаражат АҚҰЛ білім беру депозитін толықтыруға немесе бұрын рәсімделген оқу несиесінің бір бөлігін өтеуге жұмсалады.

– Жинақты неғұрлым ертерек бастасаңыз, соғұрлым қажетті жинақ деңгейіне тез жетіп, бағалау көрсеткішін арттырасыз. Бұл несие мөлшерлемесіне әсер етеді. Бағалау көрсеткіші жоғары болған сайын мөлшерлеме төмендеп, ай сайынғы төлем мен артық төлем азаяды. Тұрақты толықтыруға табысты растасыз несие алуға мүмкіндік береді, – деп түсіндірді Отбасы банкінің менеджері Әлия.

Отбасы банкінің баспасөз қызметінің мәліметінше, бағдарлама басталғалы 18 жасқа толған қазақстандықтар тұрғын үй және білім беру депозиттеріне өткен екі жылда 9,1 млрд теңге салған. Оқу-ағарту министрі Жұлдыз Сүлейменованың пікірінше, «Ұлттық қор – балаларға» бастамасы – әрбір баланың болашағына арналған қаржылық негіз қалыптастыруға бағытталған ұзақмерзімді мемлекеттік қолдау тетігі. Ал жаңа Конституция аясында балалардың құқықтары мен мүдделерін қорғаудың тиімді тетіктерін қалыптастыру және олардың жан-жақты дамуына жағдай жасау басымдыққа ие болады.

– Балалардың құқықтары мен мүдделерін қорғау – мемлекеттің ұзақмерзімді дамуы мен ұлт болашағының берік негізі. Бұл бағытта Мемлекет басшысы мемлекеттік саясаттың басым міндеті ретінде балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуді, оларды қорғаудың тиімді тетіктерін қалыптастыруды және әрбір баланың жан-жақты дамуы мен сапалы білім алуына жағдай жасауды айқындады. Осы салаларда іргелі реформалар мен заңдар қабылданып, іске асырылып жатыр, – деп атап өтті Ж.Сүлейменова.

Қазақстанда балалардың құқықтарын қорғауды күшейтуге бағытталған 10 негізгі заң қабылданды. Олар балалардың өміріне, денсаулығына және психологиялық әл-ауқатына қауіп төндіруі мүмкін факторлардан қорғаудың құқықтық тетіктерін бекітеді. Бұл кешенді қадамдар Мемлекет басшысының бастамасымен өмірге келген «Ұлттық қор – балаларға» бағдарламасымен үйлесім тауып, жас буынды аялы алақанға алатын біртұтас қамқорлық моделіне ұласты. Сөйтіп, құқықтық қалқан мен қаржылық кепілдік қатар өріліп, бүлдіршіндеріміздің бейбіт күні мен баянды болашағының берік іргетасы қаланды.

АЙҚЫНДАМА

28 АҚПАН 2026 | СЕНБІ

ЕКІЖАҚТЫ ӘРІПТЕСТІК КҮШЕЙТІЛМЕК

Шығыс Қазақстан облысының әкімі Нұрымбет Сақтағанов бастаған өңір делегациясы Ресейдің Алтай өлкесіне жұмыс сапарымен барды. Сапар барысында олар ауыл шаруашылығы, туризм, мәдениет және білім салалары нысандарын аралады. Сондай-ақ Алтай өлкесі Үкіметімен екіжақты әріптестікті күшейтіп, ортақ жобаларды қолға алу үшін келіссөздер жүргізді.

Иссапар Барнаул қаласындағы ауыл шаруашылығы техникаларын шығаратын жетекші кәсіпорындардың бірі, инновациялық агроөнеркәсіптік жабдық өндіруші «Комплекс Агро» компаниясына барудан басталды. Кәсіпорынның бас директоры Дмитрий Беляев өндіріс процесімен, кәсіпорынды дамыту жоспарларымен және шығарылатын техника мен жабдық түрлерін кеңейту бағыттарымен таныстырды.

Делегация компанияның өндірістік желісіндегі бірқатар техникалармен танысты. Атап айтқанда, «АлтайДиск 12001» егіс кешені, «Алтай-27» астық кептіргіші, ликвилайзер және культиватор көрсетілді. Қонақтарға агрегаттарды өндіру және құрастыру барысы, бөлшектер дайындаудан заманауи станоктар таныстырылды.

Одан соң өңір делегациясы «Толмачёвский» жылжымай комбинатының «Алтайское» бөлімшесінде болды. 9,3 гектар аумақты алып жатқан топырақта қияр, салат және хризантема өсіріледі. 2023 жылдың наурыз айынан бастап бөлімше ISO 22000:2018 халықаралық стандарты бойынша «Жаңа піскен көкөністерді, жапырақты көкөністер мен жасыл дақылдарды өндіру» бағыты бойынша азық-түлік қауіпсіздігіне сәйкестік сертификатын иеленген.

Өнімді зиянкестерден қорғау мақсатында комбинатта өсірілетін биоматериал – энтомофаг қолданылады. Кәсіпорында үш зертхана жұмыс істейді: агрохимиялық зертхана, биозертхана және клоналды микрокөбею зертханасы. Комбинатта 270-тен астам адам еңбек етеді.

Сондай-ақ делегация мүшелері қаладағы ең алдыңғы қатардағы №136 орта мектепке барып, Шығыс Қазақстандағы «Келешек

мектептерімен» салыстырып, тәжірибе алмасты.

Содан кейін Алтай мемлекеттік педагогикалық университетіне табан тіреді. Онда білім саласының мамандары дайындалады. Университет Қазақстанның білім беру ұйымдарымен әріптестік бойынша 16 келісімге отырған. Ерекше айта кетерлігі, мұнда Қазақ тілі мен мәдениеті орталығы бар. Оның басшысы – Мұрат Бекмұратов.

«Орталық осыдан 15 жыл бұрын ашылған. Мақсатымыз – қазақ тілін, мәдениеті мен салт-дәстүрін насихаттау. Мәселен, балаға ат қою, бесікке бөлеу, тұсау кесу сынды салттарымыздың мән-мағынасын, маңызын түсіндіреміз. Қазақ тілін үйретіп, домбыра шертіп, ән айтып, кітап оқимыз», – дейді ол.

Қазір Алтай өлкесінде 10 мыңнан астам қазақ бар. Барнаул қаласының өзіндегі қазақтар саны 1 мыңға жуықтайды. Олар ана тілдерін ұмытып қалмау үшін Қазақ тілі



мен мәдениеті орталығына жиі келіп тұрады.

Шығыс Қазақстан облысының әкімі Нұрымбет Сақтағанов орталық жұмысымен танысып, өз ризашылығын білдірді. Сәттілік тілеп, сыйлықтар да табыстады.

Бұдан бөлек, аймақ басшысының орынбасары Бақытжан Байахметов, басқарма басшылары, облыс әкімінің кеңесшілері бар тағы 4 топ Барнаулдағы энергетика, құрылыс, туризм сынды салалардың нысандарын аралады.

Кешке қарай делегация мүшелері Алтай өлкесінің губернаторы Виктор Томенкомен және Үкімет мүшелерімен кездесті. Соның барысында әріптестікті одан сайын кү-

шейтіп, ортақ жобаларды қолға алу жайы сөз етілді.

«Ең әуелі жылы қабылдап, қонақжайлық танытып жатқандарыңызға алғысымды білдіремін. Біздің өлкелерімізді тек шекара ғана емес, ортақ тарих пен мәдени, экономикалық әріптестік байланыстырады. Екіжақты әріптестігіміз оң қарқынмен дамып келеді. Шығыс Қазақстан конструктивті диалог орнатып, ынтымақтастықты кеңейтуге әрқазы ашық», – деді Нұрымбет Сақтағанов.

Виктор Томенко өз сөзінде Шығыс Қазақстан мен Алтай өлкесінің арасында бұрыннан жылы қарым-қатынас орнағанын, бірлескен ауқымды инвестициялық жобаларды іске асырудың барлық мүмкіндіктері бар екенін тілге тиек етті.

Содан кейін Шығыс Қазақстанның бірқатар басқарма басшылары баяндама жасап, өңірде атқарылып жатқан жұмыстарды, алдағы жоспарлар мен мүмкіндіктерді айтты. Алтай өлкесі Үкіметінің мүшелері де экономикалық және мәдени әлеуетін таныстырып, өзара байланысты тереңдету түсудің нақты қадамдарын талқылады.

Кездесу соңында ШҚО әкімі мен Алтай өлкесінің губернаторы келісімдер хаттамасына қол қойды. Онда сауда-экономикалық және инвестициялық ынтымақтастықты, ауыл шаруашылығы, туризм, мәдениет, спорт, білім сынды салалардағы әріптестікті күшейту бағыттары жайлы жазылды.

М.ТӨЛЕУ



Сатып алуды ұйымдастырушы: Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті (бұдан әрі – Университет).

Мекенжайы: Түркістан қаласы, Б.Саттарханов даңғылы №29В мекенжайда орналасқан.

Байланыс телефоны: +7(7253) 36-36-36, +7(7253) 36-36-62

Сатып алу әдісі: Университеттің «Сатып алу және сату» регламентінің (бұдан әрі – Регламент) 23-бабы, f-тармағы негізінде ашық конкурс тәсілімен Мәдениет орталығы II-қабатындағы телестудия бөлмелеріне ағымдағы жөндеу жұмыстарын жүргізуге, декормен қаптау және толыққанды жарактандыруды (жиһаздары, ПВХ, кілемдер және т.б.) сатып алу.

Сатып алуға қатысу шарттары: Жұмыстарды орындау мерзімі – 30 күнтізбелік күн. Сатып алуға қатысушылар Университет Регламенттінің 10-бабына сай баға ұсыныстарымен бірге төмендегі құжаттарды ұсыну қажет.

1. Әлеуетті өнім берушінің қаржылық жағдайы туралы банктен алған анықтамасы (құжаттары);

2. Әлеуетті өнім берушінің бухгалтерлік балансы немесе оның талап етілген бөлімдері, егер жоқ болса, оған теңестірілген өзге де құжаттары;

3. Кәсіби және техникалық біліктіліктерін анықтау үшін келесі құжаттарды тапсыру талап етіледі: әлеуетті өнім берушінің заң талаптарына сәйкес тиісті құзыретті органдарға тіркеле отырып, жұмыс істеуге рұқсат алғанын және баға ұсынысын жасауға құзыреттілігін растайтын құжаттары; Баға ұсыныстарын беру кезеңінде ҚҚС төлеуші болып табылған жағдайда ҚҚС төлеуші екендігін растайтын құжаттарын қоса ұсына отырып, баға ұсыныстарының шегінде ҚҚС қоса есептеп ұсыну қажет.

4. Әлеуетті өнім берушінің мемлекеттік немесе жеке секторда шарт негізінде осы немесе осыған ұқсас жұмыстарды атқарғанын растайтын құжаттары, атап айтқанда соңғы он бес жыл ішінде уақытша қабылданған құрылыс жұмыстары мен толық қабылдау процедуралары аяқталған құрылыстарға қатысты қызмет көрсету саласындағы тәжірибесін растайтын құжаттары (жұмыстың орындалу мерзімі мен көлемі әкімшілік өзіндік ерекшелікте көрсетілгені жөн);

5. Әлеуетті өнім берушінің ұйымдық құрылымы толық көрсетілген және өткізілетін сатып алудың нысаны болып табылатын жұмысты орындау үшін тиісті біліктілікке ие қызметкерлерінің және өткізілетін сатып алудың нысаны болып табылатын қызметті

көрсету немесе құрылыс жұмыстарын орындау саласындағы әкімшілік (басқарушы) қызметкерлерінің құрамы мен техникалық қызметкерлерінің кәсіби білімі мен біліктілігін растайтын құжаттары;

6. Өткізілетін сатып алудың нысаны болып табылатын жұмысты орындау үшін қажетті материалдық-техникалық ресурстарының бар екендігін растайтын құжаттары және жұмыстарды орындауға қатысты материалдардың, сондай-ақ жеткізілетін тауарлардың атап айтқанда Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес келгендік, Еуроодақ санатында тіркелгендігін немесе өндірілгендігін растайтын сертификаттарын ұсыну қажет;

7. Бұдан басқа, жұмыстарды орындау барысында, мекеме қызметкерлерінің еңбек қауіпсіздігі, төтенше жағдайлардағы қауіпсіздік, техникалық қауіпсіздік шаралары, әлеуметтік қорғалуы талаптарының қамтамасыз етілгендігін нақтылау үшін еңбек заңнамаларына сәйкес үлгілік еңбек шартын ұсыну қажет. Жұмыстарды орындау барысында, дәнекерлеу, электр монтаждары жұмыстарын орындау қажеттілігі туындаған жағдайда, аталған жұмыстарды орындайтын қызметкерлерінің 3-санаттан кем емес рұқсат құжаттары болуы қажет.

8. Өтінімді қамтамасыз ету мақсатында әлеуетті өнім беруші ұсынған жалпы сомасының кем дегенде 5%-ы мөлшеріндегі қаражатын төмендегі реквизиттерге енгізуі қажет; Тапсырыс беруші: «Қожа Ахмет Ясауи Халықаралық қазақ-түрік университеті» мекемесі, Түркістан облысы, Түркістан қаласы, Б.Саттарханов даңғылы 29В, БСН 990440008043, HSBKZKX KZ436010291000010707, «Қазақстан Халық Банкі» АҚ.

Сатып алынатын жұмыстардың тізімін (қосымша) <http://ayu.edu.kz> сайтының хабарландыру парақшасынан және/немесе Түркістан қаласы, Б.Саттарханов даңғылы 29В мекенжайда орналасқан Қ.А.Ясауи атындағы қазақ-түрік университеті, Ректорат ғимараты, 203-кабинеттен алуға болады.

Сатып алуға өтінімді өткізу орны және уақыты:

Сатып алуға қатысуға баға ұсыныстары арнайы конвертке салынып, тізімделіп, парақшалар бауланып, нөмірленген түрде мөр басылып, хабарландыру жарияланған уақыттан бастап 7 күнтізбелік күн ішінде Түркістан қаласы, Б.Саттарханов даңғылы 29В мекенжайда орналасқан Қ.А.Ясауи атындағы қазақ-түрік университеті, Ректорат ғимараты, 203-кабинетте қабылданады.

Комиссия отырысы болатын күні және уақыты: 07.03.2026 ж. (12:00), 201-кабинет.

ДАУА

28 АҚПАН 2026 | СЕНБІ



ҚЫЗЫЛША: ҚОҒАМДЫ МАЗАЛАҒАН

ҚҰБЫЛЫС

Елімізде қауіпті инфекциялық ауру – қызылша қайта өршіп тұр. Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитеті елдегі қызылша бойынша қалыптасқан эпидемиологиялық жағдайға байланысты үндеу жасады. Мамандардың хабарлауынша, індеттің таралу көрсеткіші қараша айынан бастап күрт артқан. Жыл басынан бері қызылшаның 3 473 жаңа дерегі тіркелген, оның 84%-ы (2932 жағдай) 14 жасқа дейінгі балалар арасында кездесіп отыр.

Айсұлу СЪЕЗХАН

Өкінішке қарай, қызылшаға шалдыққан балалардың 77%-ы (2691) ауруға қарсы вакцина алмаған болып шыққан. Оның 1 495-і вакцинациядан бас тартса, 814-і вакцинация жасына толмаған, ал 382-сі медициналық қарсы көрсеткіштеріне байланысты вакцина алмаған екен. Бір айтарлығы, вакцина алмаған жағдайда қызылша асқынып, есту қабілетінің төмендеуіне, пневмонияға, мидың қабынуына (энцефалит), жүйке жүйесінің зақымдануына, мүгедектікке, тіпті өлімге дейін соқтыруы мүмкін.

— 2026 жылы 19 ақпанда эпидемиологиялық жағдайды тұрақтандыру мақсатында Қазақстан Республикасы Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің «Қызылша бойынша санитариялық-эпидемияға қарсы санитариялық-профилактикалық іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу шара-

лары туралы» №3 қаулысы қабылданды. Қаулыға сәйкес, туғанына 6-10 ай болған сәбилерге, Ұлттық профилактикалық екпелер күнтізбесіне сай егілмеген 2-5 жас және 7-18 жас аралығындағы балаларға, екпесі жоқ немесе олар туралы дерегі жоқ 30 жасқа дейінгі медицина қызметкерлеріне қызылшаға, қызамыққа және паротитке қарсы иммундауды кеңейту қолға алынды, — дейді Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитетінің Бас сарапшысы Наргиз Мұратқызы.

Маманның сөзінше, вакцинация тек адамның немесе заңды өкілінің келісімінен кейін ғана жүргізіледі. Сонымен қатар балаларды жоспарлы түрде ауруханаға жатқызуға қойылатын талаптар да күшейді. Енді ұжымдарда, әскери бөлімдерде және білім беру ұйымдарында қызылшамен ауру жағдайы тіркелген кезде вакцина алмаған адамдарды уақытша оқшаулауды қоса алғанда, эпидемияға қарсы және профилактикалық іс-шаралар жедел түрде ұйымдастырылады.

Қысқасын айтқанда, қызылша жұқтырғандардың басым бөлігі — вакцина алмаған балалар. Қазір аурумен күресіп жатқандардың 59 пайызына ата-анасы вакцина алуға рұқсат бермеген көрінеді. 2025 жылы 19 мыңнан аса адам вакцинадан бас тартқан. Сол себепті де эпидемиологиялық жағдай толық тұрақтанбай, ұжымдық иммунитеттің төмендеуіне әкеп соғып отыр.

НАУҚАС 12-18 АДАМҒА ВИРУС ЖҰҚТЫРА АЛАДЫ

Қызылшадан қорғанудың жалғыз сенімді жолы — екпе салдыру.

Ауруға қарсы вакцина алу ұзақмерзімді иммунитет қалыптастырады. Дәрігерлердің айтуынша, қызылша ауруы ауа тамшылары арқылы тез жұғады, орташа есеппен бір науқас 12-18 адамға дейін вирус жұқтыра алады, вакцина алмаған адам 98 пайыз жағдайда вирусты бірден жұқтырады екен, тіпті көрші подьездегі адам сырқаттанса, жұқтыру көрсеткіші ар-



Вакцинация 1 және 6 жастағы балаларға жүргізіледі, екі рет вакцина алған адамда тұрақты иммунитет қалыптасады. Ал қызылшамен ауыратын науқаспен байланыста болған 30 жасқа дейінгі вакцина алмаған адамдар жағдай анықталған сәттен бастап, алғашқы 72 сағат ішінде шұғыл вакцина алуға тиіс.

тады. Вирус жабық ғимарат ішінде екі сағатқа дейін сақталу қасиетіне ие. Аурудың нақты емі жоқ, сондықтан да уақытылы вакцинация жасаудан артық қорғану мүмкіндігі жоқ. Ұлттық профилактикалық екпелер күнтізбесіне сәйкес, вакцинация 1 және 6 жастағы балаларға жүргізіледі, екі рет вакцина алған адамда тұрақты иммунитет қалыптасады. Ал қызылшамен ауыратын науқаспен байланыста болған 30 жасқа дейінгі вакцина алмаған адамдар жағдай анықталған сәттен бастап, алғашқы 72 сағат ішінде шұғыл вакцина алуға тиіс. Өкінішке қарай, қызылша жұқтырған адамның өзге вирустар мен бактерияларға қарсы тұру қабілеті де жойылады, себебі ауру

адамның иммундық жүйесін әлсіретіп жібереді. Адам аурудан толық айыққаннан кейін де өзін бірнеше ай әлсіз сезінеді.

Негізінен, ауру белгілерін анықтау аса қиындық туғызбайды, алайда аурудың алғашқы белгілері суық тию белгілеріне ұқсас болады. Алғашында әлсіздік, көздің қызаруы, тәбеттің болмауы, құрғақ жөтел, мұрыннан су ағу, дене қызуының 38-40 градусқа дейін көтерілу секілді симптомдар кездеседі, содан кейін ғана денеде бөртпелер пайда бола бастайды екен.

ҚОРҒАНУДЫҢ ЖАЛҒЫЗ ЖОЛЫ — ВАКЦИНАЦИЯ

Қазір халық көп шоғырланған Астана, Алматы қалаларында, Атырау, Қызылорда, Түркістан облыстарында вирус жұқтыру деңгейі артқан. Астана қалалық Денсаулық сақтау басқармасы басшысының орынбасары Гүлназ Төленқызы вакцинация деңгейінің төмендеуі қауіпті күшейтетінін айтты.

— Қоғамда вакцинация деңгейі төмендеген кезде вирус осал топтарға, ең алдымен, балаларға оңай жұғады. Екпемен қамтудың азаюы, вакцинациядан бас тарту және оған сенімсіздік мектеп, балабақша, қоғамдық көлік, ойынау сауық орталықтары сияқты күнделікті орындарды қауіпті аймаққа айналдырады. Мұндай жағдайда ұжымдық иммунитетті сақтау аса маңызды, — деді ол.

Халық арасында вакцинаның зияны жөнінде жиі айтылып жатады, алайда вакцинаның тиімділігі 95 пайыздан жоғары және қауіпсіздігін халықаралық медициналық зерттеулер толық дәлелдеген. Вакцина салдырғаннан кейін дене қызуының аздап көтерілуі, екпе алған жердің қызаруы немесе ауырсынуы секілді тек жанама әсерлер болуы мүмкін. Сирек жағдайда ғана бөртпе шығады. Баланың вакцинация статусын eGov Mobile қосымшасы арқылы немесе

денесіндегі бөртпелер біртіндеп басылды, ауруханадан шығарда, қызылшаның қызуы қайта көтерілді. Дәрігерлер бұдан кейін қызылша деді. Сәбиімнің қызуы мүлдем түспей, тыныс алуы қиындап кетті. Бізді «Жұлдыз» шағын ауданындағы модульдік жұқпалы аурулар ауруханасына жіберді. Қызылшаның қызуы 41 градусқа дейін көтерілді. Таңға жақын тыныс алуы қиындап кетті, жансақтау бөлімінде орын болмай, бір науқасты шығарып, бізді апарды. Сүтті зондпен бердік. Сағат 03.40-та қызылшаның демі үзіліп кетті. Қызылша өкпеге түскен екен. Дәрігерлер пневмониямен асқынған қызылша деп жазып берді. Ата-аналар, мұқият болыңыздар, — дейді кейіпкеріміз.

АСҚЫНУ ӨЛІМГЕ ӘКЕЛЕДІ

Қазір қызылша жұқтырғандардың дені Астана қаласында тіркелген. Біз эпидемиологиялық жағдайды білу үшін №3 көпбейінді қалалық балалар ауруханасы директорының медициналық бөлім бойынша орынбасары Роза Утегеноваға хабарласқан едік.

— Өкінішке қарай, балалар әртүрлі себепке байланысты екпесіз қалып отыр. Ата-аналардың бірі қорқамыз деп алғысы келмейді, кей балалардың медициналық қарсы көрсеткіштері болып жатады. Дегенмен де балалар уақытылы вакцина алса, ауырған жағдайда қатты асқыну болмас еді, ауруды оңай еңсеріп, жеңіп шығады. Вакцина алмаған балаларда ауру ауыр жағдайда өтіп жатыр, қызылшаның әртүрлі асқынған түрімен ауруханаға түсіп жатыр. Олардың 70 пайызы — 5-7 жасқа дейінгі балалар. Жоғары сынып оқушылары мен студенттер арасынан да бірен-саран жағдай тіркелген, демек олар да вакцина алмаған, — дейді маман.

Дәрігердің айтуынша, асқынулардың ең жиі кездесетіні — тыныс жолдарының асқынуы, бронхит, әртүрлі пневмониялар, орталық нерв жүйесінің зақымдануы, тырыспа. Ең қиыны, кейінгі кездері қызылшаның ауыр асқынуының бірі — панэнцефалит те тіркеліп отыр. Бұл ауру қызылшамен ауырған соң, бірнеше ай немесе бірнеше жылдан кейін пайда болады. Инфекциялық ауру мидың ақ және сұр затын жаппай зақымдап, өте баяу дамиды, ақыр соңында өлімге, не өмір бойы мүгедектікке әкеп соқтырады.

— Вакцинадан қорқудың қажеті жоқ. Үндістанда шығатын, сапалы, халықаралық стандарттарға сай, сертифицирталған вакциналарды қолданамыз. Ата-аналарға «уақытылы вакцина алыңыздар» деп үнемі ескертіп айтамын. Қаншама вакцина алмаған бала ауруханаға түсіп жатыр, ата-ана баланың қиын жағдайын көргенде барып жылайды, неге бұлай болды деп айғай-шу шығаратындар да бар. Вакцина алып, соның салдарынан ауруханаға түскен бір де бір жағдайды көрген емеспін, — дейді Р.Утегенова.

Елде ауру асқынып тұрған ретте дәрігерлердің кеңесіне көңіл бөліп, денсаулыққа мұқият болуға шақырамыз. Ауруға шалдықпас үшін уақытылы вакцина алғаныңыз жөн...

«Ғашықпын саған» фильмінде екі бас кейіпкері бар. Екеуі бақытты екі түрлі нәрседен іздейді. Арман кез келген арманға қол жеткізу үшін мақсат қоя білетін жігіт болса, Еңлік — бақыттың бәрі әлеуметтік жағдайдың жақсы болуында деп түсінген ару. Ол — арман қуып, үлкен үмітпен Алматыға оқуға келген ауылдың қарапайым қызы. Әкесіз өсіп, ерте есейген қыздың жалғыз мұраты — анасы мен інісіне қолғабыс болып, аяққа тұру еді. Отбасындағы жағдайдың қиындығы оны өз армандарын уақытша кейінге шегеріп, күнкөріс қамымен жұмыс іздеуге мәжбүр етеді. Сабак пен тіршілікті қатар алып жүру оңай болмай, ақыры ол оқуын тастауға тура келеді. Ал Арман — музыкаға асқан құштарлығы бар жас жігіт. Жеке концертін өткізуді бұрыннан армандаған. Мындаған тағдыр тоғысқан алып шаһарда Еңлік пен Арманның кездесуі екі жастың өмірін күрт өзгертеді. Олардың прагматикалық міндеті арасындағы қатығыс — бүгінгі буынның ортақ портреті.

Оқиға Алматы көшелерінде тек махаббат кейіпкерлерінің арасында өрбуі киноның бағытын айқындап, көрерменін жалықтырмай, бір назарда ұстап тұруына әсер етеді. «Ғашықпын саған» — адам өмірі мен махаббатын таразыға салған тың туынды. Мелодрама идеясы сценарист-режиссер — Думан Еркімбектікі. Мұндай оқиғалы туындыны киноға әкелуді осыдан 7-8 жыл бұрын ойға алыпты. Сүйіктісімен қос ғашықтың махаббат хикаясын түсіру бүгінгінің еншісінде екен. «Ғашықпын саған» — продюсер Жалын Тілеубергеннің екінші киносы. Мұның алдында Qaitadan-ды түсірген. Ол үш аптаның ішінде бір миллиард табыс тапқан еді. «Ғашықпын саған» да дәл осы уақытта күткен нәтижеге қол жеткізді.

— Қазақстан тарихында 20 шақты кино миллиард теңге табыс жинады. Оның ішінде біздің алғашқы екі фильміміз бар: «Қайтадан» және «Ғашықпын саған». Белгілі межеге жетті, өтіп жатыр. Ол маркетингке де, фильмнің сапасына да байланысты. Ең бірінші, көрерменді кинотеатрға алып келу — қиынның қиыны. Өйткені фильмді ешкім айтпай, тек құндылықтары арқылы тартамыз. Содан кейін ғана көрерменнің фидбэгі басталады. Егер маркетингі мықты, фильм әлсіз болса, алғашқы аптадан-ақ көрермен



«ҒАШЫҚПЫН САҒАН»: ҮНСІЗ АЙТЫЛҒАН СЫР

Кейінгі уақытта кинотеатрларды арзанқол, айтар ойы жоқ комедиялар қаптап кетті деген сөзді ести-ести құлағымыз жауыр болғаны рас. Бірақ жыл басы отандық кино кеңістігі үшін жақсы жаңалықпен басталды. Екі бірдей қазақ киносы миллиард теңге табыс тапты: «Құшақташы, мама» және «Ғашықпын саған». Екіншісі көрермен ықыласына ерекше бөленді. Картина жеңіл әзілге ғана иек артпай, бүгінгі жастардың ішкі күйзелісі, таңдау алдындағы толғанысы мен шынайы сезімін арқау етеді. Фильм махаббат хикаясын баяндай отырып, әлеуметтік жауапкершілік, арман мен шынайы өмір арасындағы қайшылық секілді өзекті тақырыптарды көтереді.



әншілік, композиторлық қырын фильм арқылы ашу үшін тандалған. Режиссер алғашқы фильмде Шұғыла Ешеннің көп эпизодта болмағанын ескеріп, шеберлігін бағалап оған арнайы басты рөлді бекітуді шешкен. Яғни, сценарий толық жазылмай тұрып, екі актердің тандалуы о бастан бекітілген.

Әуелде фильмге «Алматының біз білмейтін көшелері» деген атау таңдамақ болған. Маркетинг тіліне бұл атау келмейтіндіктен, шығармашылық топтың шешімімен «Ғашықпын саған» деп өзгерді. Әдетте, махаббат жайлы фильмнің лирикасын асыра түсетін ән-

тезірек жетеміз. Сондықтан кім не түсірсе де, оған әркімнің құқы бар деп ойлаймын, — дейді ол.

Бас рөлдерде қазақ киносының жас жұлдыздары Шұғыла Ешен мен Жасұлан Көпберген ұсынысты бірден қабылдағанын айтады. «Ғашықпын саған» — екі актердің бірге түскен төртінші жобасы.

— Түсірілім жағынан ең қиын сахналардың бірі — метронның астындағы оқиға. Ол кезде ауа райы да салқын болды. Ал актерлік қырымды ашатын жағына келсек, күрделі соққан сахналар да жоқ емес. Өйткені мелодрама ауыр жанр екен. Сырт көзге екі адамның тәтті махаббаты көрінеді. Комедияға да түсіп көрдім, драма жанры өзіме қатты ұнайды. Бұл жерде актерлік шеберлігіңізбен сендіруге болады. Бірақ мелодрамада көрерменді сендіру үшін әрбір актердің жаңы таза болуы керек, — дейді актер Жасұлан Көпберген.

Шұғыла Ешен де фильмнің финалындағы сахналардың қиын болғанын айтты. Айтуынша, «Ғашықпын сағанның» сәтті шығуы — авторлардың көрсеткен бағыты мен таңдалған шешімнің нәтижесі. «Ғашықпын саған» фильмінің басты рөліне Шұғыла Ешеннің таңдалуы тегін емес. 2025 жылы актриса «SNEKER. Соңғы мүмкіндік» фильміндегі шеберлігі үшін «Сыншылар таңдауы» сыйлығының «Екінші пландағы үздік әйел рөлі» номинациясын жеңіп алды. Бұл марапат оның жас болса да, күрделі драмалық образдарды еркін игер алатын халықаралық деңгейдегі әлеуетін тағы бір мәрте растады.

Режиссер Думан Еркімбек аудиторияны жасанды иллюзиямен алдағысы келмейді. Өмірде әр таңдаудың өз құны бар екенін, кейде дұрыс шешім қабылдау үшін ең қымбат нәрсеннен бастартуға тура келетінін ашық көрсетеді. Оқиғаның мұндай шешімі залдан шыққан көрерменнің ойында ұзақ уақыт жаңғырып, өзінің жеке өміріндегі шешімдеріне де ой жүгіртуіне түрткі болады. «Ғашықпын саған» — қазақ киноиндустриясындағы сапалық секірістің айқын көрінісі. Жеңіл әзіл мен даракы күлкіге үйренген көрерменнің мұндай терен, лирикалық мелодрамаға арнайы барып, кассалық рекорд орнатуы — қоғам талғамының өскенін байқатады. Демек, отандық прокатта тек көңіл көтеретін емес, мағыналы, жанға азық беретін ойлы туындылардың дәуірі басталды деп сеніммен айтуға толық негіз бар.

Фильмнің соңы дәстүрлі хэппи-энд тенденциясын бұзады. Кейіпкер тағдыры солай болуы керек еді және солай болғандықтан көрерменге ұнады. Фильм авторлары «Ғашықпын саған» — Арман мен Еңліктің арасындағы оқиға емес, ол Алматыда танысқан миллиондаған жұптың хикаясы.

Алматы біреуге қатыгез, біреуге тәкаппар болса, енді біреуге тым мейірбан. Фильм осыны көрсетті. Бірақ Еңлікті Алматыда алып қалған қаланың осы тылсым мінезі емес, шаһарды жақсы көруге мысал келтірген Арманның 7 себебі де емес. Себебі сол — Еңлік ішкі таңдауын дұрыс жасады.

Сымбат БАУЫРЖАНҚЫЗЫ



келуін тоқтатады. Өйткені қазір көрерменді алдау немесе жеңіл-желпі дүниеге сендіру өте қиын. Сондықтан қазіргі киноөндірушілер ішкі мәніне де күш салып жатқан сияқты, — деді продюсер.

Бір қызығы, авторлар фильмге осының алдында түсірген Qaitadan-ның кейіпкерлерін сомдаған актерлерді тартқан. Киноның жас жұлдыздарын таңдаудың да өз себебі бар. Жалын Тілеубергеннің айтуынша, екеуі де таптаурын болып кеткен сүрлі жолдан алыс, кәсіби шебер актерлер. Олардың шынайылығын Qaitadan киносында байқаған. Одан бөлек, басты кейіпкер Жасұлан Көпберген

дері. Мелодрама да әдемі әнмен әрленген. Шығармашылық ұжым саундтрек пен музыка таңдау мәселесіне бей-жай қарамаған. Біраз әнді саралай келе желісіне сай келетін, тарихы ерекше әсер сыйлаған бірнеше нұсқаға тоқталған. Тіпті, Аршаттың 9 жыл сыр сандықта сақтаған «Алматым» трегі де осы тізімге енді. Композиторлар Олжас Дәлелхан мен Сұлтан Тұрсынбектің туындылары кинотеатрда шырқалмай жатып-ақ, әлеуметтік желілерде хитке айналып үлгерді. Әсіресе, «Жалғыз жұлдыз» бен «Гүлмен аттас қарындас» әндері бүгінде тыңдалымы ең жоғары тректердің қатарында. Авторлардың айтуынша, бұл әндер фильмнің лирикалық салмағын арттырып, көрерменнің кейіпкерлермен бірге тебіренуіне мүмкіндік берді.

Продюсер Жалын Тілеубергеннің айтуынша, әншілердің көбі кино түсіретін тенденция өте ертеден басталған.

— «Өнерге әркімнің-ақ бар таласы» демекші, кино түсіруді қолға алған өнер адамы көп шығар. Олардан да жақсы дүниелер шығып қалар. Өйткені, бәсеке бар жерде сапалы дүние шығады. Сан көп болған сайын сапаға

«Күлкінің жеңбейтін дұшпаны жоқ».

Бауыржан Момышұлы

«АРА» – ара болады, шаққан жері жара болады».

Оспанхан Дүбәкіров

«Күле білу – өмір, күлдіре білу – өнер, күлкі болу – өлім».

Сейіт Ненжеахметұлы

АРА



28.2.2026ж

«Айқынның» сатиралық қосымшасы

КӨЗСІЗ БАТЫРЛЫҚ

– Кемелдену мен рухани даму мектептен басталады, – деді Қожанасыр көк есегін қақпайлап тұрып.

– Қайдағыны көкімеші. Бүгінде білім ордалары барып тұрған жемқорлар ордасы, – деді Алдар көсе иегін сипап тұрып.

– Атыңызды Алдар деп текке қойған ба? Тағы да алдап тұрған шығарсыз? – деп Қожанасыр қыңыраа қарады.

– Мына жылы жақтағы бір жекеменшік мектеп директоры бірталай жыл бойы жоқ оқушыларды тізімге алып, мұғалімдерге айлық жалақы төлеп келіпті. Сол мұғалімдер оңай жолмен келген теңгенің бір тиынына дейін тиіспей, әлгі директордың алақанына әкеліп салады екен, – деді Алдар көсе.

– Астапыралла! Не дейді?

– Солай! Директордың байығаны соншалық, қаладан елуге жуық пәтер сатып алыпты. Бүгінде сол пәтерлеріне тұрғындар жіберіп, ай сайын пәтеракыға пәленбай миллион теңгені сықырлатып санап алады екен.



– Япырай! Бұл неткен көзсіз батырлық! Тегі, мемлекеттің қаржысы судай шашылып көшеде жатқан болып шықты ғой, – деді Қожекен.

– Иә, солай сияқты. Бірақ көп асқанға бір тосқан деген де бар емес пе?

– Қожекен елең етті.

– Иә, соңы не болды?


– Ұлттық қауіпсіздік комитеті жанындағы Сыбайлас жемқорлықпен күрес агенттігі әлгі жемқорды әшкереленті. Бүгінде ісі сотқа дейінгі тергеуде жатыр деседі, – деп Алдар қолындағы қағазға үңілді.

– Құдай-ау, тоба! «Ет сасыса тұз себеміз, тұз сасыса не себеміз?» демеуші ме еді? Кемелдену мен рухани өркендеу жолындағы алтын баспалдақ деген білім ошақтарында осындай келеңсіздіктер орын алса, басқаларға не жорық? Ақырын берсін! – деп Қожекен есегіне қарғып мінді.

– Иә, соңын күтейік! Кездескенше, Қожа аға! – деп Алдар ағасымен қоштасып, ауыр күрсініп бара жатты.

Сабырбек ОЛЖАБАЙ

ЖЫЛҚЫАЙДАР НЕГЕ ЖЫЛАЙДЫ?



Маммологтың алдына бір наукас келіп отырды. Компьютерге телміріп отырған дәрігер сырқат жанға көз қиығын да салған жоқ.

– Иә, айта беріңіз.

– Сізге жіберді ғой.

Дәрігер селк етті. Өйткені, оның алдына әйел кіруі керек еді. Мына зор дауыс еркектікі ғой. Расында, оның алдында ер кісі отыр еді.

– Ағасы, мұнда біз негізінен әйел адамдарды қабылдаймыз. Сізді мұнда кім жіберді?

– Дәрігерге бәрібір емес пе? Медицинада наукасты жынысына қарап емдейтін бе еді? – деп таңғалды келуші.

– Иә, солай екен-ау. Отырыңыз. Мына қағазды толтырып алайын. Аты-жөніңіз?

– Тергеушілер сияқты сұрақты көлденең қояды екенсін. Алдындағы қағазда аты-жөнім жазулы тұр емес пе?

– Жарайды, сіз скринингтен өттіңіз. Бара беріңіз.

Наукас аң-таң қалып, дәрігер қолына ұстатқан қағазын алып келесі бөлмеге беттеді. Мұнда оны жатыр мойны обырына қарсы скринингтен өткізу үшін күтіп отырған еді. Наукас мұнда да көп бөгелген жоқ. Дәрігер бір айналайын бала екен, көп бөгелген жоқ.

Жылқыайдар бүгінгі медицина жетістіктеріне қайран қалып бара жатты. «Япырай, жатыр мойны обырымен еркектер де ауырады екен ғой. Бұл сырқатпен менің

ауырмағаным қандай жақсы болды», деп Жылқыбай қуанышы қойнына сыймай бара жатты.

Бұл бүгінгі МӘМС жүйесіндегі маскаралық еді. Тексеру кезінде қосалқы қаржыландырудың сорақы фактілері анықталды. Мәселен, жеке клиникалар бір қызмет үшін екі рет – жұмыс берушілердің ерікті медициналық сақтандыруынан және мемлекет есебінен қаржы алып келген. МӘМС саласының мықты мамандары 768 827 ер адамды әйел ауруларына қатысты (жатыр мойны обырына) скринингтен өткізген. Бұл аз десеніз, 619 ер-азаматты маммо-

граммдан өтті деп те тіркеп жіберген ғой. Пациенттердің жынысына сай келмейтін мұндай тексерулерге 1,8 миллиард теңге жұмсалған.


О заманда бұ заман, әлдеқашан қайтыс болып кеткен адамдарға медициналық қызмет көрсеткенін қай жерден көріп едіңіз? Бұл МӘМС-тен бе, бәрі шығады. Міне, қараңыз! Әлдеқашан сүйегі қурап кеткен 996 адамға медициналық қызмет көрсетудің 3 640 оқиғасы тіркелген. Мұнан соң бүгінгі медицинаның күдіретіне таңғалмай гөр. 996 адамды көрден суырып алып тірілтіп жіберу әрі оларға қайта өлмес үшін қызмет көрсету дүниежүзі медицинасында әлі тіркелген емес.

Бұл аз десеніз, Астанадағы жеке клиниканың дәрігері тәулігіне 1 442 пациент қабылдап үлгеріпті. Тағы бір маман бір айда 4 832 адамға қызмет көрсеткен. Япырай десеңші, секунд сайын бір адамға қызмет көрсетсе де, мұндай табысқа жете алмайды емес пе? «Бояушы, бояушы дегенге суретші сақалын бояйды» дегеннің кері ғой бұл.

МӘМС-тің мәртебелі мамандары бояушы ғана емес, сиқыршы да болғаны ғой. Сиқыршы болмаса осыншалық деңгейге қалай жетеді?

Жылқыайдар бүгінде клиника көрсе, ойбайлап қашады. Өйткені, «бұлар келесі жолы ұстап алып мені әйелге айналдырып жібереді» деп қатты қорқады. Иә, қорқыншы негізсіз де емес, кім білген, маммограммдан оп-оңай өткізген мамандар тағы қандай тексеруге шақыратынын? Баяғыда о дүниеге кетіп қалған аруақтармен бірге емханаға барып тұрса, қорқыншытың ең зоры сол емес пе?

Сабырбек ОЛЖАБАЙ



ҚАНАТЫ ҚАЙЫРЫЛҒАН ҚҰСТАР

(САТИРАЛЫҚ МЫСАЛ)

Орманда бірнеше аптадан бері тыным жоқ. Құстар әкімшілігі келесі жылдың азық-түлік жоспарын бекіте алмай, бастары өбден қатты. Біресе жиналыс, біресе комиссия, біресе «кенейтілген кеңес». Ал нәтиже — нөл.

Бүгін тағы үлкен жиын басалды.

— Құстарға ең қажеті дән, онсыз өмір жоқ, — деді Көгершін мінбеге шығып.

— Өте дұрыс, бидай болса, тіпті керемет болар еді, — деп Торғай қостады.

— Тары да артық етпейді, — деп Шымшық шиқ етті.

— Айтпағымыз, азық-түлік бағдарламасын жыл сайын өзгерте бергеннен не ұтамыз? Бізге дәнді-дақыл ғана қажет, — деп сөзін түйді Көгершін.

Жиналысты жүргізіп отырған Жапалақтың көзі жыпылық-жыпылық етті. Дауысы салмақты, бірақ ойы ауыр еді.

— Құрметті қауым, біздер құстар тұқымына жатсақ та, бәріміз дәнмен ғана тоқтығымызды баса алмаймыз.

Осы сәтте арт жақтан Қарға қарқ етті.

— Жәке, әдемі айттың! Жерден шұқып қашанғы дән тереміз? Бүгінде заманға сай өмір керек. Қызыл ет қажет! Сондықтан бюджеттен бөлінетін қаражаттың елу пайызы дәнге, елу пайызы етке жұмсалсын!

Залда гуіл басталды.

— Орманда етқоректі құстар санаулы ғана ғой. Екеуінен басқа етке құмар ешкім жоқ. Көпшілік дәнмен күнелтіп жүр, — деді Бұлбұл жұмсак үнімен.

Жапалақ екі көзі бадырайып ойланып қалды.

— Олай болса орманның басқа тұрғындарынан да сауал сұрайық. Бәлкім, ортаға салар салмақты ақылдар бар шығар.

— Бізге өзгенің пікірі неге керек? — деп Көгершін қоразданып сөйледі. Ешкім құлақ аспады.

— Олардың заңы басқа, бюджеті бөлек емес пе? — деп шикылдады Шымшық.

Бірақ Құстар әкімшілігі оны тындамады. Демократиялық дәуірде өмір сүріп жатырмыз дегенді желеу етіп, жан-жақтан сауалнамалар жинай бастады.

Алғашқы болып Қасқыр өз ойын айтты.

— Негізі, құстардың азық-түлік бағдарламасына майлы қызыл етті мольрақ қосуын толық қолдаймын. Көрші орманда Арыстандар тұрады. Кейде қонаққа келеді. Ұят емес пе, Арыстанға табакпен дән ұсынып отыру? Мынау — ормандағы өзге аң-құстарды сыйламау! — деді ол тісін ырситып.

— Дұрыс айтасын, — деп басын изеді Түлкі. Құйрығын бұлғандатып:

— Қарға мен Жапалақты төрт аяғымды көтеріп қолдаймын. Құстар ет жеп үйрену керек. Ертен Арыстан ағамыз ашуланса, бәрімізге оңай тимейді. Қауырсынды ағайындар тыныш өмір сүргісі келсе дәнді доғарып, етке көшкені абзал. Қазіргі заманның сұранысы да осы.

Келесі болып Аю сөз алды.

— Менің ойымша, құстар бал жеп үйрену керек. Қашанғы шоқып дән жейді? Қазір заман өзгерді, аңдар



түгілі қорадағы малдың өзі дамып жатыр, — деді ол балға малынған тырнағын жалап.

— Ал сәбіз ше? Неге сәбіз жемейді? Онда тұрған не бар? — деп Қоян орнынан секірді.

Жиналыс қыза түсті.

Күні бойы жерді тұмсығымен қопарып жүрген жабайы Қабан да шыдай алмады. Пікірге араласты.

— Жалпы, шындықты айтсам, мына құстардың шикылдағаны жүйкеме тиеді. Япыр-ау, бұлар Қасқыр сияқты ұлып, Ит сияқты үріп, мен сияқты қорсылдауды неліктен үйренбейді?

Залда тағы да шу.

Ал құстар болса бір-біріне қарап, балапандарының болашағын ойлап шырылдай ұшып жүр.

— Бізге дән керек, — дейді бірі.

— Бізге ет керек, — дейді екіншісі.

— Бізге тыныштық керек, — дейді үшіншісі...

Жиналыс әлі жалғасып жатыр.

Әзірге құстар бюджеті бекітілген жоқ. Пікірталас таусылар емес. Үдеп барады.

Қысқасы, құстардың бюджетін жыртықшытар бекітіп жатыр.

Н.ЖҰБАТҚАН

МАЛТОН НЕГЕ МӘДЕНИЕТ ҮЙЕНЕН ҚУЫЛДЫ?

Қырық ұлттан құралған «Достық» ауылында қыз-келіншектер мерекесі керемет өтті. Мәдениет үйінің директоры баяғы Малтон әйелдер қауымына бір-бір жылтыраған жібек орамал таратты. Қыздарға гүл шоқтарын ұсынды. Шағын мерекелік концерт ұйымдастырды. Ауыл халқы мәз. Сый-құрметті кім жек көреді? Малтон бұл ісшара туралы ауданға хабарлады. Ертеңіне Малтонды шұғыл түрде аудан әкімшілігіне шақыртты.

Әйелі:

— Малтон, саған әкім алғыс хат беретін шығар, — деді.

тықтайсың? — деді беті жыбырлап.

Малтон шошып кетті.

— Ааа, мен ол жағын ойламаған екенмін. Ондай да заң бар ма еді?

— Көп сөзді доғар. Саған сол үшін сөгіс жариялаймын, — деп арыстанша ақырды.

Сөйтіп, мәдениет үйінің директоры алғыс алам деп барып, қарғыс арқалап ауылына қайтты.

Бүгін ауыл кезекті Наурыз мерекесіне қызу дайындалып жатыр. Мерекеге аудан әкімі келеді. Малтон ауыл тұрғындарына Наурыз мейрамымен



— Не үшін?

— Сен, кеше әйелдерге тамаша көңіл күй сыйладың. Жұрттың бәрі риза болып жатыр.

— Өзім де солай ойлап тұрмын ғой, — деп Малтон мақтанып, көлігіне отырып, орталыққа қарай зуылдады.

Әкімшілік алдында темекісін бұрқыратып мазасызданып аудан әкімі Талтанбай Салпаңбаевтың орынбасары Қапон тұр. Жүзі суық. Қабағынан қар емес, бұршақ араласқан жаңбыр жауып тұр. Еріндері күннің көзінде кеуіп қалған тулақ секілді кезеріп кеткен. Бірден ашуға булықты.

— Әй, Малтон, не шулатып жатырсың?

— Не болып қалды, бәсеке?

— Әкімнің алдына неге түссейң?

— Бәсеке, мен ол кісінің алдын кеспек түгілі көруден аманмын.

— Сен, кеше қыз-келіншектерді әкімнен бұрын неге құт-

ешкім бір-бірін алдын ала құттықтамауды өтінді. Әйтпесе, өткендегідей тағы басы пәлеге қалады.

Әзірге бәрі әкім орынбасары Қапонның сценарийімен өтіп жатыр. Әкім халыққа жарты сағат тебіреніп тілек айтты. Көзіне жас алған жандар да бар. Бір кезде қазан басында жүрген Қайрақбай Малтонға жүгіріп келді.

— Малтеке, наурыз көженің дәмін көріңізші, — деді. Қолында бір кесе көже бар. Малтон ойында іштене жоқ, көжені қағып салды. Мұны әкімшіліктен келген бір бас маман көріп қалды. Дереве басшысына хабар беріп үлгерді. Наурыз тойы біткен соң Малтонды тағы ауданға шақырды. Бұл жолы әкімнен бұрын көженің дәмін татып қойғаны үшін жұмыстан қуылатын болды.

Нұрлыбек ЖҰБАТҚАН



КҮЛКІ КЕРУЕНІ

ЖАТЫНАТАР ЖАҢЫЛТНАШ

Ат жемейтін,
Ащы шоптін,
Шыққанынан,
Шыққаны жақсы ма?
Шыққанынан
Шыққаны жақсы ма?

Домбай мен Омбай
Дойбы ойнады.
Омбай оңбай ұтылып,
Ойбайлады.

Ойбайлаған
Омбайға
Домбай қой-қойлады.

Ауым-сауым,
Үйпа-түйпа,
Салдыр-салақ.
Бұл кім?
Кеп тұр күлкім.

Жып-жыпақы,
Тап-таза,
Тап-таза,

Түп-түзу.
Бұл кім?
Ұқыпты болуға ұмыт!

Маман
Банап берді.
Банапты маған бермей,
Оған берді.
Оған бермесе,
Ойбайлап дау іздейді.
Банаптың қазақшасын
«Мәуізі» дейді.

Табаныман
Тік тұрдым.
Ботқаны отқа қойып
Бұқтырдым.
Бұқтырып қойған ботқам
Бытбырық боп,
Түбі күйді.
Әбісерге түсіп
Әрі-бері жүрді де,
Дәрігерге
«Дәрі бер!» деді.
Дәрігер дәрі беріп,
Барін емдеді.



ЦИФРЛЫ ӘЛЕМ

28 АҚПАН 2026 | СЕНБИ

Бала көзімізде жаңбырдан үстіміз су-су болып үйге кіргенде жылытқыш не кептіргішке жая салатын едік. Қанша буын алмасса да бұл заңдылық жалғасып келді. Алайда қазіргі қарыштаған заманда жылытқыш іздеп бас қатырмайсыз. заманның ағынына сай қазір ылғалды маусымдарда, күн аз түсетін мезгілдерде киіміңізді лезде құрғатып беретін ақылды киім кептіргіштер көбейіп жатыр. Қарапайым киім ілгіштерде тұратын киімдердің көбі 1 күн уақыт алатын болса, ақылды құрылғылар 30 минутта-ақ кептіріп береді. Ең бастысы, бұл бір жағынан уақытыңызды үнемдесе, екінші жағынан киіміңіздің сапасын ұзақ сақтайды. назарларыңызға бірқатар технологиямен жабдықталған киім кептіргіштерді ұсынамыз.

КЕПТІРУ МЕН ҮТІКТЕУДІ БІРІКТІРГЕН ПОРТАТИВТІ ҚҰРЫЛҒЫ

Искер адамдар мен жиі сапарға шығатын жандар үшін уақыт — ең қымбат ресурс. Ұшақтан түсіп, бірден кездесуге асыққанда немесе жол дорбаңызды ашқанда мыжылған көйлек алдыңыздан шықса, көңіл күйдің де, жоспардың да быт-шыт болары анық. Осындай сәттерде көмекке келетін жаңа шешім бар — Launbot. Бұл шағын гаджет киімді бір мезетте әрі кептіріп, әрі үтіктеп береді. Яғни, бөлек фен іздеп, бөлек үтік қыздырып әуре болмайсыз. Уақыт үнемделеді, ал жол дорбаңызда қосымша құрылғыларға орын босайды.

Құрылғының жұмыс істеуі қарапайым: оны ток көзіне қосып, киімді іліп қойсаңыз жеткілікті. Жиынтықтағы арнайы ауа қапшықтарының бірі киімнің ішіне бекітіледі. Қапшық үрленіп, матаның ішін ауаға толтырады. Кейін сол ауа қыздырылып, киім біртіндеп кептіріледі әрі тегістеледі. Нәтижесінде, мыжылған жейде немесе футболка әп-сәтте теп-тегіс қалыпқа енеді.

Жұмыс кезіндегі шу деңгейі шамамен 45 децибел — кәдімгі бөлмедегі қалыпты дыбыс деңгейіне тең. Сондықтан қонақүй бөлмесінде немесе кеңседе ешкімге кедергі келтірмейді. Кептіру мен тегістеу уақыты матаның түріне байланысты: мысалы, футболка шамамен 30 минутта дайын болады. Салмағы небәрі 600 грамм болатын бұл құрылғы XXL өлшеміне дейінгі киімдерге жарамды. Шағын ғана гаджет сапар сөмкесіндегі орынды үнемдеп қана қоймай, сырт келбетіңізді де жинақы ұстауға мүмкіндік береді.

КӨПФУНКЦИОНАЛДЫ АҚЫЛДЫ КЕПТІРГІШ

Үй шаруасын жеңілдететін технологиялар күн сайын жаңарып келеді. Соның жарқын мысалы — Xiaomi Mijia

КРЕАТИВТІ ҚҰРАЛДЫҢ КЕРЕМЕТІ

Smart Clothes Dryer 1S Multifunctional Version. Инновациялық шешімдермен жабдықталған бұл ақылды киім кептіргіш функционалдылық пен тиімділікті ұштастырып, күнделікті тұрмысты анағұрлым ыңғайлы етеді. Құрылғының басты артықшылығы — оның сыйымдылығы. Максималды жүктемесі 35 келіге дейін жетеді. Бұл дегеніңіз — бір мезетте бірнеше партия киімді іліп, алаңсыз кептіруге болады деген сөз. Әсіресе, көпбалалы отбасылар мен қарбалас тіршілік кешетін жандар үшін үлкен көмек.

Ақылды басқару жүйесі құрылғының мүмкіндігін одан әрі кеңейтеді. Смартфон арқылы қосып-өшіру, режим таңдау немесе кептіру процесін бақылау барлығы бірнеше батырмамен жүзеге асады. Ол дегеніңіз — үйде болмасаңыз да, кіріңіздің жайын уайымдамайсыз.

КИІМГЕ ЖАН-ЖАҚТЫ КҮТІМ ЖАСАЙТЫН АҚЫЛДЫ ШКАФ


Заманауи тұрмыста киім күтімі тек жуу мен кептіруден тұрмайды. Бүгінгі тұтынушы үшін мата сапасын сақтау,



Бұл ақылды кептіру шкафы алдыңғы қатарлы бумен кептіру технологиясымен жабдықталған. Бу киім талшықтарына нәзік әсер етіп, пішінінің бұзылуына немесе түсінің оңуына жол бермейді. Нәтижесінде, сүйікті киімдер ұзақ уақыт бойы бастапқы қалпын сақтайды.

гигиеналық тазалық және уақыт үнемдеу басты талапқа айналып кетті. Осындай қажеттіліктерге жауап беретін құрылғылардың бірі — HUAQIAO Smart Drying Wardrobe.

Бұл ақылды кептіру шкафы алдыңғы қатарлы бумен кептіру технологиясымен жабдықталған. Бу киім талшықтарына нәзік әсер етіп, пішінінің бұзылуына немесе түсінің оңуына жол бермейді. Нәтижесінде, сүйікті киімдер ұзақ уақыт бойы бастапқы қалпын сақтайды.



Құрылғының кең сыйымдылығы бірнеше киімді бір мезетте кептіруге мүмкіндік береді. Орташа отбасының күнделікті қажеттілігін толық қамтамасыз етуге қауқарлы. Тиімді ыстық ауа айналымы кептіру уақытын едәуір қысқартып, ұзақ күтуден арылтады.

Құрылғының дыбыссыз жұмыс істеуі оны түнгі уақытта да қолдануға мүмкіндік береді. Ал энергия үнемдейтін технологиялар электр қуатын аз тұтынып, отбасылық бюджетті де, қоршаған ортаны да қорғауға сеп болады. Сәнді әрі ықшам дизайны кез келген интерьерге үйлесім табады.



TUYA SMART-КЕПТІРГІШ

Заманауи үйлерде жайлылық пен технологияның үйлесімі қатар жүруін көп жерден байқадық. Сол талапқа жауап беретін құрылғылардың бірі — ұялы телефон арқылы басқарылатын ақылды кептіргіш. Бұл жүйе TuYa Smart қосымшасы арқылы қашықтан басқаруға мүмкіндік береді.

Құрылғының басты артықшылығы — икемді құрылымы. Раманың биіктігі 0-ден 130 сантиметрге дейін реттеледі, бұл

әр отбасының қажеттілігіне сай бейімдеуге жағдай жасайды. Төрт шығыс таяқшасы киімдерді бөлек іліп, тиімді кептіруге мүмкіндік береді. Нәтижесінде, ауа айналымы біркелкі таралып, киімдер тез әрі сапалы құрғайды.

35 келіге дейінгі жүктемені көтеретін қуаты оны көпбалалы отбасылар үшін де қолайлы етеді. Ал төмен шу деңгейі күндіз де, түнде де алаңсыз қолдануға мүмкіндік береді.

SG DRYER 8085 – ДАУЫСПЕН БАСҚАРЫЛАТЫН КЕПТІРГІШ

Дауыспен басқарылатын әрі қашықтан басқару (пульт немесе мобильді қосымша арқылы) мүмкіндігі бар интеллектуалды үлгі — smart home жүйесіне толықтай бейімделген заманауи шешім. Мұндай құрылғыларды, мысалы, Google Home немесе Amazon Alexa секілді платформа-лармен ықпалдастыруға болады. Нәтижесінде, кептіру процесін бірауыз сөзбен немесе смартфон арқылы басқару мүмкіндігі туады.

Аталған құрылғы 35 келіге дейінгі жүктемені көтереді және әртүрлі киімді қауіпсіз кептіруге мүмкіндік береді. Бұл оны көпбалалы отбасылар мен қарбалас өмір салтын ұстанатын жандар үшін тиімді көмекшіге айналдырады. Әсіресе, қыста, жаңбырлы күндері немесе ауа райы құбылмалы кезеңде ақылды кептіргіштің пайдасы зор. Ол уақытты үнемдеп қана қоймай, киімнің сапасын сақтап, гигиеналық тазалықты қамтамасыз етеді.

Ылғалды күндердің машақатын ұмытып, әрдайым құрғақ әрі жайлы киім кию — енді технологияның көмегімен қолжетімді мүмкіндік.

Қорыта айтқанда, ақылды киім кептіргіштер — бүгінгі тұрмыстың жаңа стандарты. Олар жай ғана киімді құрғатып қоймай, уақытты үнемдейді, мата сапасын сақтайды, гигиеналық тазалықты қамтамасыз етеді және үй ішіндегі жайлылық деңгейін арттырады.

Арлан АМАН



AIQYN

Меншік иесі - «Айқын-Литер» ЖШС

Директор –
Талғат ЕШЕНҰЛЫ

Бас редактор –
Амангелді ҚҰРМЕТ

Гүлзина БЕКТАС –
Бас редактордың
бірінші орынбасары

Мадияр ТӨЛЕУ –
Шығарушы редактор

Елдар ҚАБА –
Секретариат меңгерушісі

АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:
Абзал АЛТЫНСАЯҚҒЫ –
Ақмола облысы
Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ –
Алматы қаласы
Саятхан САТЫЛҒАН –
Жамбыл облысы
Әдебиет БЕЛГБАЙҰЛЫ –
Қарағанды облысы
Назғұл НАЗАРБЕК –
Шымкент қаласы
Жанат ҚАЙЫРҒОЖИНА –
Батыс Қазақстан облысы
Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ –
Қызылорда облысы
Банн ЖАНҰЗАҚ –
Атырау облысы

«АЙҚЫН» ГАЗЕТІНІҢ
ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:

Кәсіпорындар,
мекемелер үшін – 15102
Зейнеткерлер,
соғыс ардагерлері үшін – 55102
Жеке жазылушылар үшін – 65102

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:
8(701) 675-42-14, 8(7172) 72-95-31
rekama.aikyn@gmail.com

ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БӨЛІМІ:
8(771) 804-61-32
podpiska.alt@gmail.com

Газет аптасына 3 рет шығады

Газет «Айқынның»
компьютер орталығында беттелді

ТАРАЛЫМЫ: 40 000

Тапсырыс №4711
Астана қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС
Сілеті көшесі 30,
тел.: 8(7172) 99-77-77
Алматы қаласы, «Алматы-Болашақ» АҚ
Мұқанов көшесі, 223 В
Шымкент қ. «ERNUR-print» ЖШС,
Әлімқұлов көшесі 22,
тел.: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114,